# Сыр бойы

Қызылорда облыстық қоғамдық-саяси газет • 1929 жылдың 1 шілдесінен шығады

№167 (20043)

5 қараша, бейсенбі 2020 жыл

e-mail: syrboyi@yandex.kz / www.syrboyi.kz


ПРЕЗИДЕНТ



## ТОҒЫЗ АЙДЫҢ ҚОРЫТЫНДЫСЫ БАЯНДАЛДЫ

**Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев Ұлттық Банк төрағасы Ерболат Досаевты қабылдады.**

Мемлекет басшысына биылғы 10 айдың ішінде ақша-несие саясатын іске асырудың алдын ала қорытындысы және төлем балансының жағдайы бойынша 9 айдың қорытындысы, сондай-ақ, ұлттық төлем жүйесін дамыту жұмысының барысы туралы баяндалды.

Президентке Ұлттық Банктің қаражаты есебінен қаржыландырылатын кәсіпкерлікті қолдауға бағытталған мемлекеттік бағдарламалардың орындалуы жайында есеп берілді.

Мемлекет басшысы кездесу соңында қаржылық тұрақтылықты қамтамасыз ету бойынша бірқатар тапсырма берді.

## СОТҚА СЕНІМ АРТА БЕРУІ ТИІС

**Кеше, сондай-ақ, Мемлекет басшысы Жоғарғы сот төрағасы Жақып Асановты қабылдады.**

Қазақстан Президентіне сот жүйесіне әкімшілік әділет механизмін енгізу барысы жайында мәлімет берілді. Сондай-ақ жаңа судьяларды іріктеу жүйесін жақсартуға, сот практикасының біріздiлігін қамтамасыз етуге және сот ісін жүргізу сапасын арттыруға бағытталған ұсыныстар жөнінде айтылды.

Жақып Асанов биылғы жылдың 30 қазан күні онлайн форматта өткен Шанхай Ынтымақтастық Ұйымына мүше мемлекеттердің жоғарғы сот төрағаларының 15-ші кеңесінің қорытындылары туралы мәлімет берді.

Президент қылмыстық процесте айыптаушы мен қорғаушы тараптар арасында нақты жарыссөзді қамтамасыз ету мәселесіне назар аударды.

Қасым-Жомарт Тоқаев азаматтардың, кәсіпкерлер мен инвесторлардың сотқа деген сенімін арттыру сот төрелігі жүйесінің басты басымдығы екенін ерекше атап өтті.

"ҚАРАПАЙЫМ ЗАТТАР ЭКОНОМИКАСЫ"

# ИМПОРТҚА ИЕК АРТПАСАҚ ИГІ

**Қармақшылық Әмит Елубаев – ағаштан түйін түйген азамат. Он жылдан бері төңірегіне бірнеше адамды топтастырып, үй бұйымдарын жасаумен айналысып келеді. Оған қоса, пластик есік-терезе құрастырады.**

Назерке САНИЯЗОВА, «Сыр бойы»



Былтыр «Даму» қорынан 4 миллион теңге көлемінде жеңілдетілген несие алып, аудан орталығында жиһаз цехын ашты.

– Оған Алматыдан станоктар алдырып, орнаттық. Тапсырыс бойынша жұмыс істейміз. Бағасын да қалтаға қонымды етіп белгілейміз. Мысалы, ағаш есіктің орташа құны – 25 мың, ал асхана гарнитуры – 70-80 мың, шкаф-купе – 90-100 мың теңге. Бұл ағаштың сапасына, бұйымның ені мен ұзындығына байланысты, – дейді кәсіпкер.

Шебердің кәсібін кеңейтуге «Қарапайым заттар экономикасы» бағдарламасы мүмкіндік берді. Бағдарлама Тұңғыш Президент – Елбасы бастамасымен қабылданды. Оның орындалуы Мемлекет басшысының ерекше бақылауында. Мақсат – ұсақ-түйектің өзін өзгеден алмай, өзімізде шығаруға ден қою. Жергілікті өндірушілерге қолайлы жағдай жасау арқылы импортқа иек артатын әдеттен арылу.

Облыстық индустриялық-инновациялық даму басқармасының мәліметінше, бағдарлама шеңберінде құны 8,7 млрд теңге болатын 110 жоба қолдау тапты. Оның басым бөлігі Қызылорда қаласы мен Шиелі, Жаңақорған аудандарына тиесілі.

2-бет

ҚАЗАҚСТАН МЕМЛЕКЕТТІК СТАТИСТИКАСЫНА – 100 ЖЫЛ

**Биыл – Қазақстан статистиктерінің өміріндегі ерекше жыл, еліміздің мемлекеттік статистикасының 100 жылдық мерейтойы. Статистика – бұл біздің өмірімізді әсірелемей сипаттайтын сандар. Әлем елдерінің өмірінде ресми статистиканың ролі өсуде. Кез келген салада уақытылы және объективті ақпаратсыз тиімді шешімдер қабылдау мүмкін емес. Статистикалық органның негізгі міндеттерінің бірі – барлық пайдаланушыларды толық, шынайы және жедел статистикалық ақпаратпен қамту.**

# НАҚТЫ ДЕРЕК – ҚОҒАМ ДАМУЫНЫҢ АЙНАСЫ

БҰҰ заманауи қоғамда статистиканың ролін мойындап, 2010 жылдың 20 қазанын 5 жылда бір рет тойланатын Бүкіләлемдік статистика күні деп жариялады. Бүкіләлемдік статистика күні биыл үшінші рет аталып өтті. Ұзақ уақыт Қазақстан Республикасының статистикасы Кеңес Одағы статистикасының бірыңғай жүйесінде жүзеге асырылып келді. Одақ ыдыраған соң түбегейлі қайта құру, нақты айтсақ, тәуелсіз мемлекет статусына сәйкес келетін мемлекеттік статистиканың жаңа жүйесін құру қажеттілігі туындады.

Қазақстан статистикасының құрылу тарихының тамыры тереңде жатыр. Алғашқы Қазақ мемлекеті – Қазақ Хандығы туралы статистикалық мәліметтерді растайтын тарихи құжаттар бар. Шу мен Талас өзендерінің бойында (қазіргі Жамбыл облысының аумағында) ең алғаш құрылғанда (1459 жыл) ондағы халық саны 200 мың адамды құраған болатын, ал XV ғасырдың соңына 1 миллион адамға жетті. Алайда, заманауи Қазақстанның аумағында тұрақты және орталықтандырылған статистикалық қызметтің пайда болуы XVIII ғасырдың екінші жартысына, яғни Қазақстанның Ресей империясының құрамына кіру кезеңімен тұспа-тұс келеді.

Қазақстанның бірінші жалпы халық санағы 1897 жылдың 9 ақпанында (28 қаңтарда) өткізілді. 1882 жылдың наурыз айында Семей қаласында өткен бірінші халық санағына Абай Құнанбайұлы қатысты. Оған 1886 жылы 4 мамырда Семей статистика комитетінің мүшесі ретінде сайланғаны дәлел. Шағын ғылыми еңбек – қара сөздерінде ұлы Абай сол кездегі қазақ қоғамының әлеуметтік-экономикалық жағдайын сипаттайтын этнографиялық тұрмыстық, экономикалық тақырыптарын қозғайды.

4-бет





# ПАНДЕМИЯ ЖӘНЕ ПАРАСАТ

**Биылғы көктемнен бері бүкіл дүние жүзін дүрліктірген пандемияға қарсы күрестің нәтижелі болмағы әрбір адамның ақыл-парасатына қатысты нәрсе екені белгілі болып қалды. Індеттің шынымен қатерлі екенін түсініп, оны жұқтырып алмауға айрықша мән беріп жүргендер бұл кеселді жеңіп шыға алады екен де, бұл тірлікке жұрдім-бардым қарайтын жандар сыздамалы сырқаттың қақпанына оңай түсіп қалатын болып шықты. Сондықтан бұл аурумен күрес әр адамның парасат деңгейін көрсетеді деуге толық негіз бар.**



Осы жерде менің есіме ерте көктемде Италияда тұрып жатқан орыстардың, қазақтар мен шешендердің WhatsApp арқылы видеожазбалар жіберіп, оларда Аппенин түбегінде тұратын титулды ұлт өкілдерінің ковидке мән бермей, мүлде жайбарақат жүргендерін айтып, жылағандай болып тұрып, дабыл қағылып еді. Мұның соңы не болды, итальяндар көп ұзамай өздерінің осы дарақылықтарының зардабын қатты тартты. Елде қаншама адам қарап болды, біразға дейін жұрт еңсесін жия алмай жүрді.

Мен осы жағдайды біздің де ептеп бастан кешкенімізді айта кеткім келеді. Біз де мамыр айының шамасында коронавирус инфекциясының таралуы жөнінен республикада алғашқы екі мегаполистен кейінгі үшінші орынға шыға келдік.

2-бет

РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ

# РУХТЫ РУХПЕН ОЯТУ КЕРЕК

**Кеше облыстық «Сыр бойы» газетінің «Талқы» айдары аясында «Рухани жаңғыру: алғашқы кезең айшықтары» тақырыбында дөңгелек үстел ұйымдастырылды.**

Келесі санда

Келелі әңгіме «Рухани жаңғыру» бағдарламасының 2017-2020 жылдарға арналған бірінші кезеңіндегі аймағымызда атқарылған жұмыстар жөнінде айтылып, алдымызда қандай міндеттер тұр деген сауал төңірегінде өрбіді.

Дөңгелек үстел қонақтары – облыстық «Рухани жаңғыру» орталығының директоры Уалихан Ибраев, Т.Жүргенов атындағы қоғамдық қор төрағасы, ардагер Сәпен Аңсатов, Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінің қауымдастырылған профессоры міндетін атқарушы Аман Әбәсілов, облыстық мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасының бөлім меңгерушісі Қарлығаш Жүсіпова тақырып төңірегінде еркін ойларын ортаға салды.

«Талқының» талқылауындағы мәселенің толық нұсқасы газетіміздің 7 қазан, сенбі күнгі санында жарияланады.

ЖЕДЕЛ ЖАҢАЛЫҚТАР

## ҚЫЗЫЛОРДАДА ДӘРІ-ДӘРМЕК ӨНДІРІСІ ҚҰРЫЛАДЫ

**Ресейлік инвесторлар Қызылордада дәрілік зат өндірісін құруға құлықты. Бұл туралы өңірлік коммуникациялар қызметінің брифингінде облыстық экономика және бюджеттік жоспарлау басқармасы басшысының орынбасары Алмагүл Нұрасылова мәлімдеді.**

Құны 1,6 млрд теңге болатын жоба аясында антибиотик, таблетка түріндегі дәрі-дәрмек шығару көзделіп отыр. Одан басқа, чех компаниясы сусын, қытайлық инвесторлар күріш сабанынан целлюлоза өндірудің қамын жасауда. Шыны зауыты бойынша 3 жобаны жүзеге асыруға 16 млрд теңге бағытталған.

– Халықты жұмыспен қамтудың жол картасына сәйкес 276 инфрақұрылымдық жоба аясында 9 мыңнан астам жұмыс орны құрылды. Облыстың 2023 жылға дейінгі экономикалық даму жоспары 265 жобаны қамтиды, – деді А.Нұрасылова.

## ЗАҢ БҰЗҒАНДАР АНЫҚТАЛДЫ

**Облыста «Браконьер» жедел-профилактикалық шарасы өтуде.**

Жүргізілген рейдтік шаралардың барысында полицейлермен 20 күнде табиғат қорғау заңнамаларын бұзған 169 дерек тіркелді. Оның ішінде 3 қылмыстық және 166 әкімшілік құқық бұзушылық.

– Жануарлар дүниесін пайдалану талаптарын және аң аулау қағидаларын бұзудың 76 дерегі анықталды, балық аулау және балық ресурстары мен басқа да су жануарларын қорғау қағидаларын бұзудың 25 дерегі тіркелді, сексеуіл ағаштарын кескені үшін 3 азаматқа қатысты әкімшілік хаттама толтырылып, заңды шешім қабылдау үшін сот органдарына жолданды, – делінген облыстық полиция департаментінің хабарламасында.

Департамент қоршаған ортаға елеулі зиян келтіру әрекеттері Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес әкімшілік және қылмыстық жауапкершілікке тартуға әкеліп соқтыратынын тағы бір ескертеді.

## «САМҒАУ» СЫЙЛЫҒЫ ТАБЫСТАЛАДЫ

**Қызылорда қаласының жастарына арналған «Самғау» сыйлығы бұған дейін 8 жыл қатарынан дәстүрлі түрде ұйымдастырылып, 80 жасқа берілді.**

Биыл байқауға құжат қабылдау 2-ші және 23 қараша күндері аралығында жүргізіледі. Ереже талаптарына сәйкес, сыйлыққа үміткер ретінде түрлі салада жүрген 14 пен 28 жас аралығындағы Қызылорда қаласының кез келген жасы қатыса алады және арнайы құрылған комиссия қорытындысымен лайық деп табылған 10 жасқа 100 мың теңге көлеміндегі сыйақы табысталады.

Айта кетейік, қатысушының жетістіктері соңғы 3 жыл көлемінде болуы шарт және осы сыйлыққа деңгейлес байқауларда жеңімпаз атанған азаматтар қатыстырылмайды. Қосымша ақпараттарды қалалық «Жастар ресурстық орталығы» КММ-нен алуға болады.

САЙЛАУ-2021

# ЖАҢА ӨЗГЕРІСТЕР ЖАҢҒЫРЫҒЫ

**Бүгінгі уақыт сипаты айқындап бергендей, Қазақстан дамудың жаңа кезеңіне қадам басты. Қазір елімізде жүргізіліп жатқан саяси реформалардың алғашқы қадамдары – осының айқын көрінісі.**

*Жолдасбек АҚСАҚАЛОВ,*
*«Сыр бойы»*

Президенттің Үндеуінде атап көрсетілгендей, Мәжіліс және мәслихат депутаттарын сайлау елдегі азаматтық қоғамның белсенділігінің артуымен ерекшеленеді. Бұл алдағы сайлау бұрынғыға қарағанда өзгеше болатынын көрсетеді. Қазақстандық қоғам бұдан оң өзгерістерді күтеді. Жаңа үрдістер, жаңа бағыт, елдегі өзгерістер, жалпы осылардың барлығы, сайып келгенде, жаңа жарқын бастамаларға жол ашады деп ойлаймыз.

Қасым-Жомарт Тоқаев өзінің халыққа Үндеуінде осынау қиынқыстау кезеңде Қазақстанның алдында үлкен міндеттер тұрғанын атап өтті. Нақты айтқанда, дағдарысқа қарсы тиімді шараларды қабылдау, тұрақты экономикалық дамуды қамтамасыз ету, азаматтардың әлеуметтік әл-ауқатын арттыру және халықтың жағдайын жақсарту өз кезегінде Қазақстанның демократияны берік ұстанатындығының дәлелі болып табылады. Ал демократия жалаң сөз емес, ол нақты нәтижеге бағытталған іс-қимылды талап етеді.

Мемлекет басшысы атап өткен «үш кит» – парламенттік оппозиция институты, әйелдер мен жастарға арналған партиялық тізімдердегі 30 пайыздық квота және партиялық тізімдер бойынша мәслихаттарға сайлау елдің саяси жүйесінің жаңаруын қамтамасыз етуі тиіс. Жаңа бастамалар партияларға өз позицияларын нығайту үшін қосымша мүмкіндіктер береді деп атап көрсетеді бірқатар сарапшылар. Бұл оймен әбден келісуге болады.

Сондай-ақ, бірқатар сарапшылардың пікірінше, елімізді саяси жаңғырту шаралары өзекті заманауи сын-қатерлерге дер кезінде жауап болып табылатынын да атап өткіміз келеді. Сонымен бірге Парламент Мәжілісінің депутаттарын заңнаманың жаңа нормаларына сәйкес сайлау – Қазақстанның әлемнің дамыған 30 елінің қатарына кіруге ұмтылуының айқын көрсеткіші. Саяси жаңғыру, көппартиялықты дамыту және еліміздің қоғамдық-саяси өміріне азаматтық қоғамның белсенді араласуы қазіргі заманғы өзекті сын-қатерлердің алдын алады.

Бүгінде әлемдік экономикалық дағдарыс жағдайында еліміз дереу шешілуі тиіс бірқатар мәселелерге тап болып отыр. Алдағы Парламент Мәжілісі депутаттарының сайлауы демократиялық түрде өтіп, еліміздің саяси жүйесінің жаңаруын қамтамасыз етеді деп ойлаймыз. Президент атап өткендей, біздің мемлекетіміздің басты миссиясы – Қазақстанның гүлденуі және әрбір азаматтың әл-ауқатының жақсаруы. Ол үшін әрқайсымыздың бойымызда патриотизм мен жауапкершілік жоғары деңгейде болуы тиіс деп санайды бірқатар сарапшылар.

Ең бастысы, алдағы сайлауда – елдегі саяси институттардың жаңғыруы арқылы мемлекетіміздің саяси жүйесі де жаңарады деп күтілуде. Бүгінде Қазақстан үшін Мәжіліс пен мәслихаттарға біліктілігі зор және тәжірибесі толысқан адамдардың келіп, халықтың мүддесін қорғауы маңызды.

Қалай болғанда да әлем демократиясы қазір үлкен сынақ алдында тұр. Бұл бүгінгі уақыттың күрделі сипатын аңғартса керек-ті. Егер тарихқа көз жүгіртсек, әлемдік демократия көптеген сын қатерлерден өтті. Сол қиындықтан шыңдалды, тәжірибе жинақтады.

Бұл орайда кейде тарих қойнауында жатқан, бүкіл адамзат игілігіне ғасырлар бойы қызмет жасаған демократия тағылымдарынан сабақ алмаса да болмайды. Саясат деген болжап болмайтын тосын құбылыстардан, кездейсоқтықтан тұратыны, онда әртүрлі мемлекеттердің мүдделер қайшылығы ұштасатыны белгілі. Уақытша шегінгені болмаса, Черчилль ағылшын ұлтының алдындағы мәселелерді әрдайым салқынқандылықпен шешуге тырысатын. Өмірдің өз шындығынан туған оның белгілі бейнелі сөз тіркестері бүгінге дейін өз мәнін жоғалтқан жоқ. «Саясат та соғыс сияқты, – дейтін ол, – бірақ соғыста бір-ақ рет өлесің, ал саясатта қайта-қайта өлуге тура келеді». Өз заманының мемлекет қайраткері оқиғаларды талдап, оны болжай білетін Черчилль 20-шы ғасырдың атаулы тұлғасы болып саналады. «Саясаткер мен мемлекет қайраткерінің арасында бір ғана айырмашылық бар: саясаткер келесі сайлауға дейін бағдар ұстанса, ал мемлекет қайраткері болашақ ұрпақ үшін бағдар ұстанады», – деген екен ол. «Демократия – халықты басқарудың ең қиын тәсілі, бірақ адамзат бүгінге дейін одан тиімді басқару жүйесін ойлап тапқан жоқ». Бұл да бүгінге дейін мәнін жоғалтпаған Черчилльдің аузынан шыққан сөз.

Біз осынау әлемдік демократия үрдісінің көшіне қаншалықты ілесе аламыз? Оны алдағы уақыт көрсетеді.

# ҚАРЖЫЛЫҚ САУАТТЫЛЫҚТЫ ҚАЛАЙ АРТТЫРУҒА БОЛАДЫ?

**Облыстық «Жастар ресурстық орталығында» өткен семинарда жастар осы сауалдың жауабын іздеді. Халықаралық жинақ күніне орай ұйымдастырылған «Қаржы сауаттылығы» тренингі 3 кезеңді қамтыды және мұнда командалық ойындар өтті. Оған «Волонтерлардың фронт офисі», «Zhas otan» ЖҚ мүшелері, пробация есебіндегі жастар қатысты. Мағыналы шараның қолдаушысы – «Тұрғын үй құрылыс жинақ банкі» АҚ Қызылорда облыстық филиалы.**

*Мөлдір ҚАЛЫМБЕТ,*
*«Сыр бойы»*

Мотивациялық семинарда финанс тақырыбында нені жадымызда сақтау керек, отбасы бюджеті, үй мен үнем, болашаққа инвестиция құюдың тиімді жолы жайлы «Тұрғын үй құрылыс жинақ банкі» АҚ Қызылорда облыстық филиалы директорының орынбасары Ілияс Жұрынов тарқатып айтты.

– Ақша – адамның күнделікті қажеттілігі. Мамандардың айтуынша, адам аптасына орта есеппен 5 сағат ақша туралы ойлайды екен. Бірақ бұл көрсеткіш бірнеше есеге жоғары болуы мүмкін. Өйткені, бүгінгі таңда екінің бірінде несие бар. Ондай адамның ақшаны сирек ойлауы екіталай. Қаржылық сауаттылық – жеке және отбасылық қаржыны басқарудағы біліктілік дей аламыз. Оны дамытып отыру маңызды. Әсіресе, жастар. Бұл шараның да мақсаты осы. Семинардағы жастардың арасында өз депозитін ашып, жинақ жинап жүргендер бар екен. Мақсаты – баспаналы болу, біз оларға тиімді бағдарламаларды таныстырдық, – деді І.Жұрынов.

Ал, кәсіпкерлік негіздері бойынша «Қызылорда бизнес хаб» серіктестігі директорының орынбасары Жанарыс Түбекбаев пікірін ортаға салды. Гранттар байқауына қатысып, мемлекет ұсынған бағдарламарды қажетке жаратуға шақырды. Қол қусырып отырмау қажет, сонда ғана ойға алған ісіңді бастап, кәсібіңді игере аласың. Жоғарыда айтып өткеніміздей, шарада пробация есебіндегі жастар да қамтылды. Орталық мамандарының айтуынша, қазір бұл топпен жүйелі жұмыс жүруде. Арнайы жұмыс тобы құрылған, олар пробация есебіндегі 14-29 жас аралығындағы жастардың хал-ахуалын зерделеу мақсатында адрестік жұмыстарды бастады. Мәліметке сүйенсек, бүгінде облыс бойынша пробация есебінде тұрған 345 жас бар, оның 128-і – қалада. Осы аймақтарға бөлініс жасалып, әлеуметтік карта әзірлеу және жеке деректерді өңдеу жұмыстарына күш салынып жатыр. Бұл топтағы жастарды қоғамдық өмірге белсенді араластыруға ерекше мән беріліп келеді. Оның ішінде осы қаржылық сауаттылықты игеріп, кәсіпкерлік негіздерін үйрету бар.



БРИФИНГ

**Оқу жылының екінші тоқсанында бала саны 300-ден аспайтын мектептерде барлық санитарлық нормалар қатаң сақтала отырып, дәстүрлі форматта оқитын болады. Бұл – республикалық ведомствоаралық комиссияның ұйғарымы. Осыған байланысты облыстық білім басқармасының басшысы Ақзира Қасымова онлайн режимінде ата-аналарға және БАҚ өкілдеріне тарқата түсіндіріп берді.**

*Ғазиза ӘБІЛДА,*
*«Сыр бойы»*

# ДӘСТҮРЛІ ОҚУҒА ҚАЙ МЕКТЕПТЕР КӨШЕДІ?



Айталық, өңірде 121 мектеп дәстүрлі түрде оқытуға көшіп, онда 19267 оқушы қамтылады деп жоспарлауда. Сондай-ақ, алгоритм бойынша 1-5 сыныптарда кезекші топтардағы оқушылар қосылады. Нәтижесінде, облыста 2 720 кезекші топ ашылып, 39 357 бала оқиды.

Бұл орайда балалардың қауіпсіздігі мен сақтық шараларына ерекше мән беріліп отыр. Мектептерде туннельдер орнатылып, мектепке кірер алдында балалар 5 түрлі дезинфекциялық тексерістен өтеді. Әрбір бала бетпердемен келуі міндетті. Ата-аналар мектепке кірмейді, балаларды мұғалімдер күтіп алады. Айта кетейік, оқу жылының бірінші тоқсанында облыстағы мектептердің 75 проценті, яғни 225 мектеп (132 598 оқушы) қашықтан оқыды. Сонымен қатар, 75 мектепте 80742 оқушы дәстүрлі түрде оқытылды.

Осы орайда басқарма басшысы оқушылардың электрондық құрылғылармен қамтылу барысына тоқталды.

– Биыл өздеріңізге белгілі, оқу жылын қашықтан оқыту форматында бастадық. Бұл орайда 39 мыңнан астам оқушыға компьютерлік техниканың жетіспейтіні анықталған болатын. Бірінші кезекте мектеп балансындағы 14203 компьютер уақытша пайдалануға берілді. Сонымен бірге, саладағы үнемделген бюджет есебінен 2492 планшет сатып алынды. Ал «Мектепке жол» акциясының аясында әлеуметтік жағдайы төмен отбасынан шыққан 1 518 оқушыға ноутбуктер мен планшеттер берілді.

Үкімет қоры есебінен бөлінген 3,4 млн теңгеге 22870 дана компьютерлік құрылғылар (компьютер, планшет) сатып алынуда, бүгінгі таңда оның 13489-ы алынды, қалғаны осы айда толық жеткізілетін болады. Алдын ала жоспарлағанымыздай, бұл құрылғылар әлеуметтік аз қамтылған отбасылардың балаларына және ерекше жағдайда үйден білім алатын балаларға, көп балалы отбасыларға беріледі, – деді А.Қасымова.

Тағы бір айта кетерлігі, биыл оқушыларды бағалау жүйесі өзгерді. Қашықтан оқыту кезінде қалыптастырушы бағалау күнделікті бағаланатын болады. Максималды балл 10 балдық жүйені құрайды. Қалыптастырушы бағалау І тоқсанда БЖБ-ның 25 проценті және ТЖБ-ның 50 процентінің қосындысы бойынша қорытындыланады. І тоқсанда 1 пән бойынша 1 БЖБ, 1 ТЖБ алынады. Айта кетейік, қалыптастырушы бағалау, БЖБ, ТЖБ қорытындыларымен 2-11 сынып оқушыларының І оқу тоқсандағы қорытындысы шығарылады. Ал 1 сыныпқа қорытынды шығарылмайды.

Бірінші оқу тоқсаны 4 қарашада аяқталып, оқушылар 5-14 қараша аралығында 10 күндік каникулға шығады. Екінші оқу тоқсаны 16 қарашада басталады.

Сөз соңында басқарма басшысы эпидемиологиялық жағдайға байланысты дәстүрлі оқыту мәселесі әлі де өзгеруі мүмкін екенін ескертіп, әрбір отбасыны бірінші кезекте балалардың денсаулығына аса жауапкершілікпен қарауға шақырды.

# ПАНДЕМИЯ ЖӘНЕ ПАРАСАТ



Қазір, шүкір, бұл жөнінен еліміздегі індеті ең аз аймаққа айналып отырмыз. Бірақ, байқаймын, осы көрсеткішіміз біздегі біраз адамды енжарлыққа салдырып жіберген сияқты. Бұған дәлел көп. Көшеде, қоғамдық орындар мен көліктерде бетпердесіз жүрген жарандарды бәріміз де күнделікті көріп жүрміз. Мұны аз десеңіз, жасырып той өткізетіндердің деректері жиі шыға бастады. Бұл баяғы Қожанасырдың «Алдадым, құдай, алдадым» дегені сияқты нәрсе екенін сол тығылып той өткізетіндер түсінер ме екен?! Осы арқылы бұлар тек өздерінің ғана емес, сол тойханаға жасырын жиналған жұрттың бәрінің өмірлерін сынаққа салып қоятынын қалай ұқпайды?

Тарихтың терең қойнауына көз жүгіртіп, қарап отырсақ, күллі жер-жаһанды жайлаған, әлденеше жүздеген, тіпті миллиондаған адамның өмірлерін жұлып кеткен індеттер аз болмағанын байқаймыз. Алайда, қазіргі пандемия солардың бәрінен де қатерлі болып тұр. Себебі, бұрынғы ғасырларда орын алған кезінде медицина әлі олармен күресуге қауқарсыз еді. Ал қазір адамзат баласы өз өркениетінің шыңына жетіп, ем-дом шараларын барынша жетілдірген шамада отыр. Олай болса, бұл тұста қайыру беруі қиынға түсіп отырған эпидемияның қатері бұрынғылардан күшті болмақ. Сондықтан да шығар, осы күні бірқатар саясаткерлер мен сарапшылар әлемдегі қазіргі оқиғалар туралы сөз еткенде, оларды кино мен публицистикадағы образды тілмен Perfect storm немесе «Алапат дауыл» деп атап жүр. Ең қиыны, енді осы сырқаттың соңын ала, адам баласы бұрын-соңды көрмеген басқа аурулардың бой көтеріп кететін түрі бар.

Коронавирустың планета тұрғындарының тұрмыс салтына да қатты әсер еткені анық. Ковидтің таралуы салдарынан, бұрын ерсілі-қарсылы жол ағылып жатқан түрлі мемлекеттер арасындағы шекаралар жабылып, көлік қатынасы тоқтап, сауда-саттық құлдырап, әлем экономикасының дамуына үлкен нұқсан келді. Жуыр маңда бұл дағдарыстың шешіліп, жаһан экономикасының қалыпты деңгейіне қайта келе қоюы қиын. Бұл үшін кемінде тағы 2-3 жыл керек. Онда да мына тажалды жеңіп шыққан жағдайға ғана. Әйтпесе, оның белгісіз уақытқа дейін созылып кете беруі әбден кәдік. Сондықтан қазіргі таңда әлемдегі барлық мемлекеттер алдында тұрған бір ғана мақсат бар. Ол – пандемия салдарынан туындаған барлық қауіп-қатерді жеңіп шығу. Тегінде бүгінде саясаткерлердің бұл жағдайды соғыс кезіндегі жағдайға теңеуі де бекер емес. Өйткені, мұнда да тура соғыс кезіндегідей бұл күреске орасан зор ресурс жұмылдырылып жатыр.

Пандемиямен күреске кезінде әр ел әртүрлі тәсілмен келді. Мамандар соның ішінде Қытай, Жапония, Италия, Швеция, Беларусь мемлекеттерін көп мысал етіп алға тартады. Ал бұл елдердің коронавирусқа қарсы жүргізген амал-тәсілдері алуан түрлі болып шықты. Бұлардың бірінде қатаң карантин енгізілсе, енді кейбірінде тіпті шектеулер болмады.

Әлбетте, пандемиямен күрестің нәтижелілігі жөніндегі талас-тартысқа нақты баға беру қиын. Себебі, әр ел бұған өзінің мүмкіндіктерінің деңгейі мен қалыптасқан салт-дәстүрі тұрғысынан келеді. Өйткені пандемияны ауыздықтатуда саяси режимнің формасы емес, жалпы мемлекеттік басқару жүйесінің тиімділігі, қандай да болсын билік сол пандемиямен күресті қаншалықты дұрыс ұйымдастырып, қоғамды жұмылдыра алады, міне, соған байланысты. Мысалы, Қытай билігі қатаң тәртіпті орнатса, Жапон үкіметі азаматтардың арына арқа сүйеді. Бірақ маусым айында Қытай билігі Бейжің маңайында коронавирустың жаңа ошағы пайда болуына байланысты ел астанасында қайтадан карантинді күшейтуге мәжбүр болды, ал Жапонияда жаңа вирусты жұқтырғандардың саны қайтадан өсе бастады. Демек, бұл күресте жұрттың бәріне үлгі боларлықтай ортақ бір модель жоқ.

Әлемдегі қазіргі жағдай пандемияның ұзаққа созылуы мүмкін екенін көрсетіп отыр. Оның келер жылы көктемде де, тіпті күзде де толық аяқталмауы әбден ықтимал. Мұның қалай бітетінін қазір ешкім де білмейді. Жұрттың бәрінің айтып жүргені тек болжам ғана. Бізге белгілісі – онымен күресте темірдей тәртіп керек. Бәрі жекелеген адамдар мен қоғамның жауапкершілігіне байланысты. Мысалы, коронавирустың Жапония мен Сингапурдағы ауқымды таралуын сол елдердегі азаматтардың саналы әрекеттері тежеп отырғаны айтылып жүр. Бұл рас болуы керек. Шыны керек, Жапонияда да кейінгі кездері жағдай қайтадан ушыға түсті. Дегенмен, 125 миллион халқы бар Жапония үшін қазіргі көрсеткіш оншалықты жоғары емес. Сондықтан бұл жаумен күресудің негізгі қаруы тәртіп және бірлік екенін ұмытпауымыз керек. Бұл тағы әр адамның жеке парасатынан туындайды.

Сонымен, бізге ең алдымен тәртіп керек. Халқымыздың даңқты ұлы Бауыржан Момышұлы «Тәртіпке бағынған құл болмайды, тәртіпсіз ел болмайды» дегенді бекер айтқан жоқ. Тап сол тәртіпке қайта көшуіміз керек. Мұның өзі әрбір адамның өзі мен қоғам алдындағы жауапкершілігіне байланысты болады. Ал бұл жердегі тәртіпке бағыну қарапайым санитарлық нормаларды ұстанудан басталады.

Жақында Қызылорда қаласының әкімі Нұрлыбек Нәлібаев коронавируспен күреске байланысты жұртшылыққа үндеу тастады. Мұны ол тектен-тек жасап отырған жоқ. Аталған аурудың «екінші толқыны» қазірдің өзінде Еуропа елдерін басып қалды, ол Ресейге де жетіп, қаһарына қатты мініп тұр. Демек, оның бізге қарай да қадам баса салуы тым алыстағы нәрсе емес. Бұл бізден сақтық шараларын күшейтуді қатаң талап етеді. Облыс әкімі Гүлшара Әбдіқалықова да әрдайым бұл күреске дайын болуымыз керек екенін айтып, түрлі жиындар мен басқосуларда ескертіп жүр. Қазақта «Сақтансаң – сақтаймын» деген сөз бар. Бұл кісілер біздің есімізге осы қағидатты салып келеді. Ендеше, өз өмірімізді ойласақ, отбасындағы балалар мен немерелердің жайына алаңдасақ, айтылып отырған осы талаптарды бұлжытпай орындауымыз керек.

Бір қызығы, осыған қатысты әңгіменің көбі қазір жұрттың бетперде тағып жүруіне байланысты туындап жатыр. Міне, ең алдымен осы талапты орындау соншалықта қиын ба екен?! Біз осы талапты орындамаудың залалын көктемде көрген жоқ па едік?! Шыны керек, пандемия мемлекеттік басқару жүйесіндегі қордаланған проблемаларды қалай ашып көрсетсе, сол сияқты бұл індет қазақ қоғамы талай жылдар бойы арыла алмай жүрген жағымсыз дағды-әдеттерімізді тағы да көзімізге шұқып көрсетті. Тап осы кезде қазаққа бірлік пен ынтымақ ауадай қажет. Бұл үшін биліктің айтқанымен жүріп, айдауына көнуге тура келеді. Басқа жол жоқ. Осындай бір жағадан – бас, бір жеңнен қол шығаратын бірлік қана бізді бұл тығырықтан аман-есен алып шығады.

**Серік ДҮЙСЕНБАЕВ,**
**облыстық ардагерлер кеңесінің төрағасы**

1-бет.

# ИМПОРТҚА ИЕК АРТПАСАҚ ИГІ

Қызылордада екі жыл бұрын ғана ашылған «Balqaimaq» дәстүрлі дүкені тұтынушысына тек табиғи таза өнім ұсынады. Қала іргесіндегі Бесарық, Абай ауылдарынан жеткізілетін шұбат, қымыз, қатық, айран, сүт, қаймақ, сары май, құрт, балқаймақ және тағы басқасы адам ағзасы үшін пайдалы дәруменге толы. Жақсы істің басында жүрген Жібек Мұқымова былтыр мемлекеттік «Еңбек», биыл «Қарапайым заттар экономикасы» бағдарламалары бойынша қомақты қаржыға қол жеткізіп, кәсібін дөңгелетіп отыр.

1-бет

Сырдария ауданында бағдарлама жүзеге асқан уақыттан бастап 9 кәсіпкерлік нысаны мал шаруашылығын дамыту, күріш ақтау бағытында Аграрлық несие корпорациясының облыстық филиалынан 153,5 млн теңге несие алды. Олардың қатарында «Димаш», «Қадыр ата» шаруа қожалықтары мен жеке кәсіпкер Б.Сейдалиев бар.

Шиелі ауданында биыл жобалық құны 71,2 млн теңге болатын 5 жоба Ауыл шаруашылығын қаржылай қолдау қоры арқылы қаржыландырылды. Бұл жолы «Айдос» қожалығының мал шаруашылығы бағытындағы жобасы қолдау табады деп күтілуде.

Бағдарлама шеңберінде несие алған кәсіпкерлердің көбі инфрақұрылым мәселелері емін-еркін жұмыс істеуге кедергі, оны мемлекет көмегінсіз шешу мүмкін емес екенін алға тартып отыр. Олар үшін жеңілдетілген несиені төлеудің өзі мұң. Өңдеу өнеркәсібімен айналысушылар осы орайда облыстық кәсіпкерлер палатасы өңірлік кеңесінің екінші деңгейлі банктермен бірге тиімді шешім қабылдағанын қалайды.

– Банктер несиені 15 процентпен береді, оның 9 процентін мемлекет субсидиялайды. Кәсіпкерге берілетін ең төменгі мөлшер – 6 процент. Екі жыл бұрын 8 процент болатын. Несиелендіру мерзімі алғашқыда 7 жыл болса, қазір 10 жылға дейін созылды. Несие мерзімінің бірнеше жеңілдік кезеңі бар. Айналым қаражатын толықтыру көлемі бастапқыдағы 30 проценттен 50 процентке дейін артты. Ұлттық банкке мұны 100 процентке дейін ұлғайтуды ұсындық, – дейді палатаның бөлім бастығы Мұрат Балабаев.

Бағдарлама бойынша жұмыс істеп жатқан қызылордалық Қайыржан Бисенов несиені төлеудің қиындығы өз алдына екенін жасырмады. Пандемия кезінде сұраныс та айтарлықтай азайған. Дегенмен, өзі дөңгелетіп отырған ағаштан есік-терезе жасау кәсібіне арнап ғимарат құрылысын бітіріп қойды.

– Қарамағымда үш адам еңбек етеді. Әзір тапсырысты орындауға үлгереміз. Биыл станоктар сатып алғанбыз, оның біреуі – қымбат аппарат. Сандық бағдарлама арқылы басқарылады, – дейді кәсіпкер.

## ЖӘРМЕҢКЕ ӨТЕДІ

2020 жылғы 7 қараша күні Жалағаш және Сырдария ауданы әкімдіктерінің ұйымдастыруымен ауыл шаруашылығы өнімдерінің жәрмеңкесі төменде көрсетілген орындарда өткізіледі. Басталуы – сағат 08.00.

**Жалағаш ауданы** – Ә.Қашаубаев көшесінің бойы (Жетікөл көшесімен қиылысы),

**Сырдария ауданы** – Жанқожа батыр көшесі (Реалбаза алды).

КЕҢЕС ОДАҒЫНЫҢ БАТЫРЫ НАҒИ ІЛИЯСОВТЫҢ ТУҒАНЫНА 100 ЖЫЛ

# АҚТЫҢ ОТЫ ӨШПЕЙДІ

**Бұған дейін «Сыр бойы» газетіне жарияланған ұлттық қауіпсіздік комитетінің ардагері Әмірхан Бәкіровтің «Тәлкекке түскен тағдыр» атты мақаласы оқырмандар тарапынан қызығушылық тудырған еді. Мақалада 1962-1964 жылдары Қазақстан КП Орталық Комитетінің бірінші хатшысы болған Ысмайыл Юсуповтың тарапынан Кеңес Одағының Батыры Нағи Ілиясовқа қатысты әділетсіздіктер айтылып, тексерулер барысында батырдың ақталғаны тілге тиек болды. Осы жарияланып отырған мақалада Н.Ілиясовтың шаруашылық басшысы ретінде бастан өткерген кейінгі оқиғалар өзек болады.**

*Жолдасбек АҚСАҚАЛОВ,*
*«Сыр бойы»*



Маған батырмен жүздесіп, әңгімелесудің сәті түспеген еді. Есімі кезінде Кеңес Одағына мәлім тұлға туралы жазғанда мен баласы Ринатқа әкесінен қалған мұрағат құжаттарына сүйендім. Ел ағаларымен әңгімелестім. Қазақстан, облыс тарихына қатысты деректерді сараптап өткіздім. Солардың бірқатары төмендегідей еді.

Сұм соғыс аяқталды. Нағи ағаны Мәскеудегі Жеңіс шеруінен кейін Қызылорда вокзалында анасы Гүлзәйім, бауырлары Жәмила, Нәзира, немере ағалары Сұлтан, Ибадулла, облыстық партия комитетінің хатшысы Медеу Аталықов құшақ жая қарсы алды. Бұл өмірде сирек кездесетін, батырдың өзі айтқандай, тағдыр сыйлаған ерекше қуаныш сәті еді. Қан майданнан оралмағандар, аман жеткенімен кеудесінде жаны бар демесең, құр сүлдесімен келгендер қаншама?!

Нағи аға қызметке бірден кірісті. 1946 жылдан облыстық партия комитетінде нұсқаушы, облыстық комсомол комитетінің хатшысы, Сырдария аудандық партия комитетінің хатшысы. Жалынды жастың батыр атағына еңбектегі ерлігі үшін «Еңбек Қызыл Ту» ордені қосылды. Көп ұзамай Жоғары партия мектебіне жіберілді. Оқуды бітірген соң Оңтүстік Қазақстан облысы Түлкібас аудандық партия комитетінің екінші хатшысы болып сайланды. 1956 жылы Қызылорда облыстық партия комитетінің бірінші хатшысы Сужиковтың шақыруымен осында оралды. Алдымен обкомда нұсқаушы, артынша Тереңөзек ауданындағы Қараөзек совхозының директоры болып тағайындалды.

Совхоз экономикасы әбден титықтаған екен. 1955-1956 жылға мал қыстату кезінде 12 мың бас қойдың 5 мыңы, 3 мың бас сиырдың 300-ден астамы өлім-жітімге ұшыраған. Нағи аға шұғыл іске кірісті. Орталық комитет пен Министрлер кеңесінде болып, қыруар қаржы бөлгізді. Совхозға құрылыс материалдары қордан тыс мөлшерде келді, жайылымдықтары, шабындықтарды суландыру үшін мол қаржы бөлінді. Ең бастысы, ағын тіктей бастаған шаруашылыққа халық көптеп ағылды. Әлеуметтік нысандар көптеп салына бастады. Совхозда тұрғын үйлермен бірге орта мектеп, балалар бақшасы, аурухана, қонақ үйі, тіпті электр стансасы салынды. Совхоз орталығын жаңа қонысқа көшіруге мемлекеттік банк, тағы басқа облыстық мекеме басшылары қарсы болды. Бірақ, республика басшы органдары батырды қолдады.

Халыққа жасалған жеткілікті азық-түлік жағдайы, тағы басқа қамқорлықтармен қоса жұмыстың тым пәрменді ұйымдастырылуының нәтижесінде сол 1956 жылдың шілде айынан бастап желтоқсан айына жеткізбей 13 мың бас қойға жаңадан стандартты қора, әрбір шопанға екі бөлмеден үй, бір-бірден шегенді құдық қаздырды. Шомнан салынған ескі сиыр қораларды тегіс күрделі жөндеуден өткізіп, жем-шөппен толық қамтамасыз етті.

Балабақшадағы бөбектер үшін киетін бір түстен екі сыпырадан киім тіктірді. Оны киген бөбектер инкубатор балапандарындай тым сүйкімді көрінетін. Бір жағы асхана, екінші жағы қонақ үйі, ішінде шаштаразы бар ғимарат тәуір көз тартатын. Қонақ үйінің бөлмелеріне түкті паластар төселіп, түсті кілемдер тұтылды. Жұмсақ әрі әсем төсек-орынмен жабдықталды.

Көрнекті ақын Әбділда Тәжібаев балалық шағы сол Қараөзекте өткендіктен, совхозда оның 50 жасқа толған тойы атап өтілді. Салтанатқа облыстық партия, совет органдарының және аудандардың бірінші басшылары толық қатысты. Ол екі күн бойы өтті.

Әбділда Тәжібаев, академик Мұхамеджан Қаратаев, Шаяхмат Құсайынов, Асқар Тоқмағамбетов, Ғабиден Мұстафин, Қалтай Мұхамеджанов, Қалмахан Әбдіқадыров, Қасым Тоғызақов, әлгі айтылған қонақүйде жатып, асханадан тамақтанды. Осы қонақүйде облыс шаруашылықтарынан келіп тәжірибе алып, оқып үйренуге жиналған мамандар, кейбір озат бақташылар бірнеше күндер бойына жатып, асхана, шаштараз қызметтерін пайдаланды.

Совхоздың мал тұқымын асылдандырып, оның өнімділігін көтеру үшін Самарқандағы Бүкілодақтық Қаракөл ғылыми-зерттеу институты директорының ғылым жөніндегі орынбасары, ғылым кандидаты М.Кошевойды шақырды. Сиыр тұқымын АҚШ-тың Техас штатынан «Сантагертруда» аталығымен асылдандыру үшін Алматыдағы қазақтың мал шаруашылығы ғылыми-зерттеу институтының директоры Әбдірахым Еламановпен келісіп, бірнеше асылтұқымды мал алдырды.

Совхоз тәжірибе мектебіне айналды. Облыстық газеттерде арнайы беттер берілді, көптеген мақала жазылды. Сол тәжірибені облыс шаруашылықтарына тарату мақсатымен совхозда семинарлар, мәслихаттар өткізілді. Бұлардың бірқатарын СССР Ауыл шаруашылығының қаракөл жөніндегі бас зоотехнигі Бойко, Қазақ ССР Ауыл шаруашылығы министрлігінің бас зоотехнигі М.Ширинский, көпшілігін М.Кошевой өткізді. Арысқұм мал жайылымында облыс, аудандардың бірінші басшылары мен бас мал мамандарының қатысуымен үлкен семинарлар өткізілді. Совхоз орталығының су жүйелерін Қазақ ССР Ауыл шаруашылығы министрлігінің бір топ мамандары жобалап, салды.

...1966 жылдың маусым айы. Басшылықтың нұсқауымен Нәкең Тереңөзек ауданындағы Қазақстанның 50 жылдығы атындағы совхоздың директорлық қызметіне тағайындалды. Алғашқы жұмыс оның қазығын қағудан басталды. Кейін құрылыс барысында берекесіздіктер етек алып, сапасыздыққа жол берілді. Ол туралы Қазақстанның Ауыл шаруашылығы министрлігіне арнайы хат жолданды. Хат бойынша тексеру үшін министрліктен А.Банченко, Су шаруашылығы министрлігінен Мұханбетжанов арнайы келді. Тексеруде жіберілген олқылықтар анықталып, қалпына келтірілді. Бұл келешекте совхоз экономикасының өсуіне оңды ықпал жасады.

Аталған совхоз 1965 жылы Қазақстан Орталық Партия Комитетінің суармалы жерлерді игеру туралы шешімін жүзеге асыру үшін Сыр өңірінде алғаш құрылған шаруашылық болатын. Құрылысшылардың жіберген олқылықтары туралы Министрлер кеңесіне жолданды. Нәтижеде совхоз орталығындағы салынған монша, жатақхана, мүгедектер үйі, екі қабатты жиырма отбасылы маманға арналған, ірі панельден салынған ғимараттардың жобасы өзгертілді. Нақты есептің нәтижесінде олардың құрылысы 4-5 млн сомға арзандатылды. Шындықты іздеген адамға қай кезеңде де оңай соғушы ма еді, шаруашылық басшысының соңынан арыз әдеттегідей тиісті жерге қардай борап жатты. Ондай-ондайға Нағи ағаның еті үйреніп кеткен. Дегенде, жүйке жұқартпағанмен, уақытыңды босқа алады, ел сенімсіздігін тудырады. Елді сабылтып қоятыны және бар.

Н.Ілиясовтың Республикалық мәслихатта жасаған баяндамасында осының барлығы егжей-тегжейлі айтылды. Батырдың батылдығы жауын көбейтпесе азайтқан жоқ. Әлдеқалай болады деген сақтықпен сөйлеген сөзінің нұсқасын сол кездегі КСРО Су шаруашылығы министрі Е.Алексеевскийге берді. Министр оны КСРО Министрлер кеңесінің төрағасы Косыгинге көрсетемін деп Мәскеуге алып кетті.

Совхоз орталығындағы бірқатар құрылыстар қайта жаңғыртылды. Жұмысшы-қызметкерлерге арналған жайлардың барлығы сол кездің өлшемімен алғанда жоғары деңгейдегі жатын орындар болатын. Тұқым, басқа да азық қоймалары салынды. Жан-жағы асфальтталды. Өндіріске қажетті жаңа техникалар алдырылды.

Уақыт зымыран емес пе, алғашқы нәтижелер көзге көріне бастады. 1967 жылы совхоз 693 мың сом таза пайдамен шықты. Мемлекеттің бюджетіне 328 мың сом аударылып, рентабельділік 46,7 процентке жетті. 1968 жылы 1967 жылмен салыстырғанда жалақы төлеу біршама артып, жанар-жағармай үнемделді. Былайынша айтқанда батыр сол шаруашылықты өзін-өзі қаржыландыру принципіне көшіруге барынша көңіл бөлген еді. Өндірілген өнімнің өзіндік құны арзандады. Рентабельділік айналасы бір-екі жыл ішінде 50 проценттен асып кетті. Күрішшілерге директордың қорынан тегін тамақ беріле бастады. Әлбетте, осының барлығы біреулердің көзін шұқығандай қызғанышын туғызды. Бірақ барды бар, жоқты жоқ деп турасын айтатын батырдың жігерін жан-жақтан қаумалаған өсек, сыпсың әңгіме де жуасыта алмады.

Әрине, сыпсың әңгіме бостан-бос айтылмайды, оның соңынан арыздар қардай борап жатады. Жоғарыдан тексеруге келгендер батыр деп қанша қаймықса да, өлі фактілерді тірілтуге жанталасып бағатыны да шындық еді. Жоғарыдан берілген нұсқаулар бойынша шаруашылық басшысының жігерін құм ету керек. Бұл – оны есеңгіретіп, қайта тұрғызбаудың амалы. Бірақ қазақта «пайда да ақыл бар жерге үйіріледі» деген тәмсіл бар, осы қағидаға сүйенген Нәкең жұмысын алға бастырудан бір тайынған емес. Өзін дұрыстығын кәдімгідей соғыстағы сияқты бейбіт уақытта да жанкешті еңбекпен дәлелдеді.

Бұл уақытта батыр ағаның соңынан түсушілер мүлгіп жатпаған еді. 1969 жылы ақпанда КСРО Су шаруашылығының алқа мәслихатына қатысу үшін Мәскеуге барғанда шаруашылықтың бөлімше меңгерушісі және бригадирі қол қойған арыз тағы алдынан шықты. Бірақ Мәскеуде оны ешкім сездірмеді. От ішінде туған оттан қорықсын ба, Нәкең қайта ширыға түсті. Баяндамасын жасап, елге оралғанда арыз тексеруге келген обкомның бір топ қызметкерлері алдынан шықты. Мәскеуден келген және бір өкіл бар. Елдегілер сенделіп кетті. Тексеруде арызда көрсетілген фактілер, факті болғанда кәдуілгі «қылмыстардың» бірде-бірі расталмады. Керісінше, арыз иелерінің совхоз экономикасына әр-түрлі айла-шарғымен тигізген залалдары айна-қатесіз дәлелденді. Бірқатары сотталды. Кейін белгілі болғандай, әлгі хаттарды төменгі буындағы қызметкерлер қолымен ұйымдастырған жоғары деңгейдегі лауазым иелері болып шықты. Қазақ мұндайды «біреудің қолымен от көсеу» дейді. Тағы анықталғаны – илеуге көнбейтін, иілмейтін, дұрысын дұрыс, бұрысын бұрыс деп көздеріне шұқып тұрып айтатын батырдың орнына өз айтқандарынан шықпайтын иілгіш басшыны тағайындау еді. Ойларынан ештеңе шықпаған соң әлгі кандидатты басқа ауданға директор етіп тағайындады. Ақтың отын өшіру деген ақылға қисынсыз, батырдың орнына сырттай ұсынылған кадрлар кейін өз аудандарында айықпайтын былыққа батып, ұзақ жыл түрмеге жабылды.

Қысқа уақытта совхоз Одақтағы озат шаруашылықтардың қатарына енді. Орта Азия мен Қазақстандағы күріштің ең арзаны осы шаруашылықта өндірілді. Әрбір центнер күріштің өзіндік құны 16 сом 72 тиынға түсті. Батыр кәдімгі соғыстағыдай бейбіт өмірде де ерлік көрсетті. Орденмен марапатталды. ВДНХ-ның алтын және қола медальдарымен, ВЛКСМ-ның, Қазақстан Жоғарғы Кеңесінің құрмет грамоталарымен марапатталды. Совхозға сыйлыққа ГАЗ-69 автокөлігі берілді. Республика ақпарат құралдары шаруашылық жетістіктерін жамырап жазды. Теледидар деректі хроника түсірді. Ұлы Отан соғысындағы немісті жеңген батыр енді бейбіт өмірде де батыр!

Нағи аға арнайы топпен өзі соғысқан, батыр атағын алған Венгрияға барды. Олар құшақ жая қарсы алды. Ерекше құрмет көрсетті. Сол сапарда Венгрияның орталық газетінде суреті басылды.

«Комсомол» совхозына басшылық жасаған жылдары шаруашылыққа жылу орталығынан құбыр тартылды. Жылыжай салынды. Көкөніс өсірілді. Совхоз құрылысын жүргізу кезінде жоба бойынша жіберілген олқылықтар қайта жөнделді.

– Әлі есімде, әкемнің тәулігіне ұйықтайтын кезі өте сирек болатын. Үнемі дала қосында, егіншілермен, малшылармен бірге жүреді, – дейді батырдың баласы бізбен әңгімесінде.

Өткенге шынайы баға беру үшін сол кездің тарихи оқиғалары қалай өрбігенін назардан қағыс қалдыруға болмайды. Нағи аға әрдайым желдің қай жақтан соғып тұрғанын сезуші еді. Исмайл Юсуповпен Оңтүстік өлкелік партия комитетінің бірінші хатшысы, Қазақстан су шаруашылығы министрі болған кезде талай ұстасып қалған. Табиғатынан қайсар, оның үстіне ел сыйлаған батыр болса, партия шенеунігінің «өзім білемге» салған әрекеттеріне одан басқа кім тойтарыс бере алар еді? Кейін Юсупов Қазақстанның бірінші басшысы болды. Кезіндегі кикілжіңдер тағы алдынан шықты. Арадағы жағдай мүлдем ушыға түсті. Арыздарды сырттай ұйымдастырып, бұл орайда Қызылорда облыстық партия комитетіне сырттай нұсқаулар беріп отырғанын да байқау, сезбеу әсте мүмкін емес еді.

Ұлы Шәкәрім бір сөзінде: «Сенің кім болғаныңды өмір сүрген заманыңа қарап айта аламын» депті. Расында солай. Тарихқа үңілсеңіз, Юсупов 1962-1964 жылдары Қазақстан Компартиясының бірінші хатшысы болды. Бұл екі жыл Қазақстан үшін қасіретті кезең еді. Никита Хрущевтің қолдауына сүйенген Юсупов Қазақстанның оңтүстік аудандарын, мұнайлы Батысын Өзбекстанға бермекші болды. Ол ұсыныстардың бірқатары Хрущев тарапынан қолдау тапты да. Бұл орайда Дінмұхамед Қонаевтың «Ақиқаттан аттауға болмайды» атты естелік кітабында былай делінеді.

«…Хрущев әңгімені қайта көтерді. Ол маған Юсупов жазған хатты ұсынып жатып:

– Аманатты орындау үшін тапсырамын, – деді. Онымен қоймай, Юсуповты жер-көкке сыйғызбай мақтады. – Іске мемлекеттік тұрғыдан қараған мұндай азаматтарға барынша қолдау көрсету керек!»

Біз сол кеңселік әңгімеден қасірет арқалап шықтық… Егер Хрущевке өлкелерді ұйымдастыруда, республиканың мақта өсіретін аудандарын Өзбекстанға, ал Маңғыстауды Түркіменстанға беруге неге қарсы шыққанымның себебін ашып айтсам, ол былай: біріншіден, етіңнен ет кесіп алғандай азапты тірлік, ата-бабаңның кір жуып, кіндік қаны тамған жерін кім қиғандай?! Мен республикадағы істің нақтылы жағдайын өзгеден гөрі көбірек білетін едім. Мен өтірікшіны аралас ақпарлардан емес, күнделікті өмірде қойын-қолтық араласып, өз көзіммен көріп жүргендіктен жақсырақ білемін. Қазақтың ежелгі жерін бауырлас елге берсең де, мұндай шешімге біздің халқымыздың наразылығын еріксіз туғызған болар еді және солай болды да. Ол үшін партияға, оның Орталық Комитетіне, тікелей Хрущевке, осы жолдардың авторына да елдің өкпесі қара қазандай еді. Ол сызаттың әлі күнге дейін орны толған жоқ. Әрине, одан бері қанша жыл өтті. Ендігі әңгіме ақталғандай әсер қалдыруы мүмкін. Сондықтан бұл арада арымның тазалығына ғана куәдармын. Хрущев «тақтан» тайғаннан кейін барып және менің талабым бойынша Өзбекстаннан екі совхоз, 500 мың қой және ертеректе өткен жерлерден басқа аудандар кері қайтарылды».

Иә, Қонаев естелігінде осылай деп жазды. Ендеше Хрущев қолдаған Юсуповтың салған ылаңымен күресу 1944 жылы Венгрияда 180 фашистің көзін жойған Нағи ағаға әсте оңай соқпады. Осы орайда батырдың ауылдасы, белгілі дәрігер Сағындық Шәмшиев маған былай деген еді. «Қылышынан қан тамып тұрған компартия басшылары қарсы келгенді аямайтын. Нағи аға кемшілікке төзбейтін. Тура айтатын. Барлығына көз жұмып тыныш жүрсе сол биліктің, мансаптың герой атағы бар дегендей, рахатын кешіп жүріп көретін еді. Әлі есімде, қалалық ауруханада істеп жүргенімде бізде жатып емделді. Сосын Алматыға емделуге жіберілді. Бұл соңғы сапары еді. Небәрі 65 жасында қайтыс болды…».

Нағи аға өмірден осылай өтті. Батырға берілген бұл баға оның шынайы болмысын ашқандай еді...

# Ішкі талдау үнемі жүргізіледі

**Экономика және бюджетті жоспарлау басқармасы 9 айда сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізудің үлгілік қағидаларына сәйкес қызметкерлерге құқықтық оқыту жүргізді. Құқықтық оқытуда орын алған фактілер, жемқорлыққа жол бермеу мәселесі талқыланды.**

Барлық кабинеттерде ақпараттар ілінген. «Халық үніне құлақ асатын мемлекет» тұжырымдамасы аясында ұйымдастырылған облыс әкімдігі бекіткен медиа-жоспарға сәйкес ай сайын Facebook әлеуметтік желісінде басқарма басшылығымен интернет-конференциялар өткізіліп келеді. Жыл басынан 8 рет интернет-конференция, басқарма басшысының орынбасары М.Тұрманов «Қызылорда облысының 2023 жылға дейінгі экономикалық даму жоспарының орындалуы туралы», бөлім басшысы Б.Қасымбекұлы «Шағын кәсіпкерлікті мемлекеттік қолдау шаралары» тақырыбында интернет-конференциялар өткізілді. Бірінші жартыжылдықта сыбайлас жемқорлыққа қарсы мониторинг, сыбайлас жемқорлық көріністеріне ішкі талдау жүргізіліп, жыл аяғына дейін орындауға ұсынымдар берілді.

Президент жанындағы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері жөніндегі комиссия отырысының хаттамасын орындау барысында Өңірлерді дамытудың мемлекеттік бағдарламасын іске асыру кезіндегі тәуекелдерге жүргізілген талдау нәтижесі Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігіне жолданды.

Мемлекеттік органдар қызметіндегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін жою құралының бірі – цифрландыру. Басқарма қызметінің бірнеше бағыты цифрландырылған ақпараттық жүйелер арқылы жүргізілуде. Атап айтсақ, қажетті тауарлар, қызметтер мен жұмыстар мемлекеттік сатып алудың веб-порталы (goszakup.gov.kz) арқылы сатып алынуда. Сондай-ақ, мемлекеттік органдардың ашықтығын қамтамасыз ету мақсатында енгізілген «Ашық үкімет» порталының «Ашық бюджеттер», «Ашық НҚА», «Ашық диалог», «Ашық бюджеттердің интерактивті картасы» ақпараттық жүйелері пайдаланылады. Бюджеттік бағдарлама әкімшілерінен өтінімдер қабылдау барысында, қағаз нұсқасынан бөлек электрондық нұсқада «Парус-КАЗ.Бюджет» бағдарламалық өнімі пайдаланылуда. Сондай-ақ, басқарманың www.gov.kz веб-парақшасында сыбайлас жемқорлықпен күрес бағытында атқарылып жатқан жұмыстар орналастырылып және тоқсан сайын жаңартылып келеді.

**Облыстық экономика және бюджеттік жоспарлау басқармасы**

## Хабарламалар

«ПетроҚазақстан Құмкөл Ресорсиз» АҚ 2007 жылғы 9 қаңтардағы №212-III Қазақстан Республикасының Экология кодексінің 57-бабының талаптарына сәйкес (21-07). «Оңтүстік-батыс Қарабұлақ кенішінде су айдау жүйесі. №4 ұңғымасына айдау желісін тарту» жұмыс жобасы жөніндегі құжаттаманың мемлекеттік экологиялық сараптамаға жолданғандығы жайлы хабарлайды.

Барлық мүдделі азаматтар мен қоғамдық бірлестіктерге мемлекеттік сараптамадан өткізу кезеңінде өздерінің ой-пікірлерін білдіру мүмкіндігі беріледі.

**Анықтама алу телефоны: 8(7242) 29-91-92.**

***

«ПетроҚазақстан Құмкөл Ресорсиз» АҚ 2007 жылғы 9 қаңтардағы №212-III Қазақстан Республикасының Экология кодексінің 57-бабының талаптарына сәйкес (20-55). «Оңтүстік Құмкөл кенішінде 245, 247, 2069, 50Р, 2078, 408 ұңғымаларына болат құбырларын шыныталшыққа ауыстыру» жұмыс жобасы жөніндегі құжаттаманың мемлекеттік экологиялық сараптамаға жолданғандығы жайлы хабарлайды.

Барлық мүдделі азаматтар мен қоғамдық бірлестіктерге мемлекеттік сараптамадан өткізу кезеңінде өздерінің ой-пікірлерін білдіру мүмкіндігі беріледі.

**Анықтама алу телефоны: 8(7242) 29-91-92.**

***

«ПетроҚазақстан Құмкөл Ресорсиз» АҚ 2007 жылғы 9 қаңтардағы №212-III Қазақстан Республикасының Экология кодексінің 57-бабының талаптарына сәйкес (21-06). «Қарабұлақ кенішінде су айдау жүйесі. №26 ұңғымасына айдау желісін тарту» жұмыс жобасы жөніндегі құжаттаманың мемлекеттік экологиялық сараптамаға жолданғандығы жайлы хабарлайды.

Барлық мүдделі азаматтар мен қоғамдық бірлестіктерге мемлекеттік сараптамадан өткізу кезеңінде өздерінің ой-пікірлерін білдіру мүмкіндігі беріледі.

**Анықтама алу телефоны: 8(7242) 29-91-92.**

ҚР Қоршаған ортаны қорғау министрінің 2007 ж. 28.06 №204-ө бұйрығымен бекітілген «Жоспарлау алдындағы, жоспарлау, жобалау алдындағы және жобалау құжаттамасын әзірлеу кезінде көзделіп отырған шаруашылық және өзге де қызметтің қоршаған ортаға әсеріне бағалау жүргізу бойынша нұсқаулықтың» 53-тармағына сәйкес «ТузкольМунайГаз Оперейтинг» ЖШС (20-18) «Батыс Тұзкөл кенішіндегі мұнай жинау жүйесі. №№45,93 және 96 ұңғымаларынан аралық құбыр тарту» жұмыс жобасы бойынша қоғамдық пікірді тіркеу үшін жазбаша ұсыныстар мен ескертулерді қабылдайды.

Жазбаша ұсыныстар мен ескертулер Қызылорда қаласы, Қонаев көшесі, 4 мекен-жайында және meruert.srazhadinova@tmgoperating.kz электронды поштасы арқылы қабылданады.

**Анықтама алу телефоны: 8(7242) 29-95-40.**

KazTransOil

ЕСКЕРТУ

ХАЛЫҚТЫҢ, КӘСІПОРЫНДАРДЫҢ, ҰЙЫМДАРДЫҢ, ШАРУА ҚОЖАЛЫҚТАРЫНЫҢ НАЗАРЫНА

**«ҚазТрансОйл» АҚ Қызылорда облысының** аумағында «Құмкөл-Қарақойын» магистральды мұнай құбырлары, ТОБЖ байланыс желілері салынғанын, олар шақырымдық бағандармен және ескерту белгілермен белгіленгенін ескертеді.

**ҚР-ның «Магистральдық құбыр туралы» Заңына және ҚР-нда телекоммуникация желілерін күзету ережелеріне** сәйкес, келесі күзет аймақтары белгіленеді:

**1)** Мұнайды тасымалдайтын магистральды мұнай құбыры трассасы бойында – құбыр осінің әрбір жағынан **50 метр** жерден өтетін шартты сызықтармен шектелген жер учаскесі түрінде; ауыл шаруашылық мақсатындағы жерлерде магистральдық құбырдың күзет аймағы құбыр осінің әрбір жағынан **25 метр** жерден өтетін шартты сызықтармен шектеледі;
**2)** бір техникалық дәлізде төселген көп желілі құбырлардың трассалары бойында – шеткі құбырлардың осьтерінен 1) тармақшамен қарастырылған қашықтықтарда шартты сызықтармен шектелген жер учаскесі түрінде;
**3)** суасты өткелдері бойында - өткелдердің шеткі желілері осьтерінің әрбір жағынан **100 метрге** кейін қалатын қатар жазықтықтар арасында орналасқан су бетінен түбіне дейінгі су кеңістігі учаскесі түрінде;
**4)** өнімді авариялық шығаруға арналған жер қамбалары төңірегінде - аталған объектілер аумақтары шекарасынан барлық жаққа **50 метрге** кейін қалатын тұйықталған сызықпен шектелген жер учаскесі түрінде;
**5)** бас және аралық айдау және құю сорғы станциялары, резервуар парктері, компрессорлық және газ тарату станциялары, өнім өлшеу тораптары, құю және қотару эстакадалары, газды жерасты сақтау станциялары, мұнайды, мұнай өнімдерін қыздыру пункттері төңірегінде - аталған объектілер аумақтарының шекараларынан барлық жаққа **100 метрге** кейін қалатын, тұйықталған сызықпен шектелген жер учаскесі түрінде орнатылады;
**6)** орманы жоқ учаскелерде елді-мекендерден тыс орналасқан жер асты кәбілдік және әуе байланыс желісі мен радиофикация – жерасты кабель трассасы немесе шеткі әуе желілері сымдарының әрбір жағынан кемінде **2 метр** қашықтықта орналасқан тікелей параллельмен белгіленетін осы желілері бойымен жер учаскелері түрінде.

**ҚР ЕЖ 3.05-101-2013 «МАГИСТРАЛЬДЫҚ ҚҰБЫРЛАР» СӘЙКЕС 30-ДАН 150 МЕТРГЕ ДЕЙІН ЕҢ АЗ ҚАШЫҚТЫҚ ШЕП БЕЛГІЛЕНЕДІ. ҚАУІПСІЗДІКТІ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ МАҚСАТЫНДА ЕРЕЖЕЛЕР ЖИЫНТЫҒЫМЕН БЕЛГІЛЕНГЕН ЕҢ АЗ ҚАШЫҚТЫҚ ШЕГІНДЕ МАГИСТРАЛЬДЫҚ ҚҰБЫРҒА ЖАТПАЙТЫН КЕЗ КЕЛГЕН ОБЪЕКТІЛЕРДІ САЛУҒА ТЫЙЫМ САЛЫНАДЫ**

**ТЫЙЫМ САЛЫНАДЫ:**
Құбырлардың күзетілетін аймақтарында құбырлардың қалыпты пайдаланылуына немесе олардың бұзылуына әсер ететін түрлі әрекеттерді жасауға тыйым салынады, соның ішінде:
• тану белгілерін, бақылау-өлшеу пункттерін ауыстыруға, үюге және сындыруға;
• кабель желілерінің қызмет көрсетпейтін күшейту пункттерінің қақпақтарын, қақпаларын және есіктерін, желілік арматураның торап қоршауларын, катодты және дренажды қорғау стансаларын, желілік және қарау құдықтары мен басқа желілік құрылғыларды ашуға, крандар мен ысырмаларды ашып, жабуға, байланыс, энергиямен қамтамасыз ету және құбыр телемеханикасы құралдарын өшіруге;
• түрлі қоқыс орындарын жасауға, қышқылдар, тұздар мен сілтілердің ерітінділерін төгуге;
• жаға бекіту имараттарын, су өткізу құрылғыларын, құбырларды, байланыс желілерін бұзудан, ал жақын аумақ пен айналадағы жерді апаттық құйылу мен тасымалданатын өнімнен қорғайтын жер және өзге имараттарды (құрылғыларды) бұзуға;
• зәкірлерді суға тастауға, суға тасталған зәкірлермен, тізбектермен, сүйретпелермен және тралдармен өтуге, тереңдетіп қазу мен жерге батыру жұмыстарын жүргізуге;
• от жағуға немесе ашық немесе жабық от көздерін орналастыруға.
Магистральды мұнай құбырларының күзетілетін аймақтарында **«ҚазТрансОйл» АҚ құрылымдық бөлімшелерінің жазбаша рұқсатынсыз:**
✓ «ҚазТрансОйл» АҚ-пен орналасу жерін, құрылыс жүргізу, жайластыру және пайдалану тәртібін келіспей магистральды құбырдың және оның күзетілетін аймағы трассасының өткелдерін, топырақ жолдарын немесе өзге уақытша немесе тұрақты көлік қиылыстарын орналастыруға;
✓ бақ өсіруге және ағаш өсіруге, сонымен қатар жыртылатын тереңдігі отыз бес сантиметрден аспайтын қыр ауыл шаруашылық дақылдарды өсіруге бағытталған агротехникалық жұмыстардан басқа, «ҚазТрансОйл» АҚ-пен келісілмеген қандай да бір жұмыстарды орындауға;
✓ магистральды құбырларға қызмет көрсетуге және оның физикалық қорғанысын қамтамасыз етуге арналған «ҚазТрансОйл» АҚ-пен орналастырылған жолдарды қалпына келтіруге, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасымен бекітілген жағдайлардан басқа осы жолдар бойынша магистральды құбырларда өртке қарсы және күзет қызметтерін орындайтын қызметкерлердің қозғалысына кедергі жасауға;
✓ кез-келген құрылыстар мен имараттарды салуға;
✓ автомобиль көлік құралдарын, тракторлар мен механизмдердің тұрақтарын ұйымдастыруға;
✓ мелиоративті жер жұмыстарын жүргізуге, жер суаратын және құрғататын жүйелерді салуға;
✓ «ҚазТрансОйл» АҚ-пен келіспей тау, құрылыс, жинақтау және жарылыс жұмыстарын жүргізуге, топырақты тегістеуге;
✓ ұңғымалардың, шурфтардың құрылғыларымен және топырақ (жер қыртысының үлгілерінен басқа) сынамаларын алумен байланысты геологиялық түсіру, геологиялық барлау, іздеу, геодезикалық және басқа іздестіру жұмыстарын жүргізуге тыйым салынады.
Қауіпсіздікті қамтамасыз ету мақсатында құрылыс нормаларымен және ережелерімен белгіленген минималды қашықтықтарда магистральды құбырларға жатпайтын кез-келген объектілердің құрылысына тыйым салынады.
Магистральды құбырлардың күзет аймақтарында кез-келген жұмыстар мен әрекеттерді орындау қажет болған жағдайда, Кәсіпорындар, Ұйымдар және Азаматтар:
• «ҚазТрансОйл» АҚ құрылымдық бөлімшелерінен «Магистральды құбырлардың күзетілетін аймақтарында жұмыстар жүргізуге» жазбаша рұқсат алуға міндетті. Жұмыстарды жүргізуге рұқсат жұмыстарды жүргізетін адамда жұмыс істеп тұрған құбырлар көрсетілген жобалау құжаттамасы бар болған жағдайда ғана берілуі мүмкін.
• кем дегенде 5 тәулік бұрын «ҚазТрансОйл» АҚ құрылымдық бөлімшесінің өкілін жұмыстарды жүргізу орнына шақыруға;
• құбырлардың және тану белгілерінің сақталуын қамтамасыз ететін ережелерді сақтап, жұмыстарды орындауға міндетті.
«ҚазТрансОйл» АҚ-ның құрылымдық бөлімшелері ҚР «Магистральдық құбыр туралы» Заңы, Қазақстан Республикасының экологиялық кодексі, Қазақстан Республикасында телекоммуникация желілерін күзету ережелері, сондай-ақ «Күзетілетін аймақта жұмыстарды жүргізуге арналған рұқсатта» көрсетілген талаптар бұзылып, орындалған жұмыстарды тоқтатып қоюға құқылы.
ҚР «Магистральдық құбыр туралы» Заңы, Қазақстан Республикасының экологиялық кодексі, Қазақстан Республикасында телекомминикация желілерін күзету ережелері және ҚР ЕЖ 3.05-101-2013 «Магистральды құбырлар» жергілікті билік пен басқару органдарымен, сондай-ақ басқа да кәсіпорындармен, ұйымдармен (меншік түріне қатыссыз) және құбырлар өтетін аумақта жұмыстар немесе қандайда бір әрекеттер жүргізетін азаматтармен орындау үшін міндетті болып табылады.
**Заң, Кодекс, Ережелер мен ҚР ҚЕ талаптарын бұзушылықтарға кінәлі лауазымды тұлғалар мен азаматтар белгіленген тәртіпте жауапкершілікке тартылады.**

**Жоғарыда айтылған барлық мәселелер бойынша мына мекенжайға хабарласу қажет: «ҚазТрансОйл» АҚ Жезқазған мұнай құбыры басқармасы 100600, Жезқазған қ., Есік әуежай ауд., Тел: 8 (7172) 55-52-55 – №5 техникалық учаскесінің БДБ диспетчері; 8(7102) 925-255 – «Құмкөл» БМАС ауысымының бастығы-кезекші; 8 (7102) 925-241, Факс: 8 (7102) 925-242 – Жезқазған МКБ бастығының қабылдау бөлмесі.**

## ҚАЗАҚСТАН МЕМЛЕКЕТТІК СТАТИСТИКАСЫНА – 100 ЖЫЛ

Шоқан Уәлихановтың қазақтардың және Орталық Азия халықтарының этнографиялық, этнодемографиялық және әлеуметтік-тұрмыстық жағдайын көрсететін «Ыстықкөл сапарының күнделіктері», «Қырғыздар туралы жазбалар», «Жоңғария очерктері», «Қытай империясының батыс провинциясы және Құлжа қаласы» ғылыми еңбектері статистикалық мәліметке толы. Ыбырай Алтынсариннің ресми құжаттарында халықтың білімі мен Қазақ даласындағы мектептердің жұмыс жағдайын сипаттайтын статистикалық мәліметтер көп.

Қызылорда облысының статистика департаменті өз қызметінде 2010 жылғы 19 наурызда қабылданған «Мемлекеттік статистика туралы» заңын басшылыққа алады. Биыл Мемлекет басшысы өз Жолдауын мемлекеттік басқарудың жаңа моделімен бастады. Өзгерістер статистика органына да әсер етті. «Қазақстан Республикасының мемлекеттік басқару жүйесін одан әрі жетілдіру жөніндегі шаралар туралы» Президент Жарлығымен тікелей Президентке бағынысты Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі құрылды. Оған Ұлттық экономика министрлігінің кейбір функциялары мен өкілеттіктері, оның ішінде мемлекеттік статистикалық қызмет саласындағы функциялары мен өкілеттіктері берілді.

# Нақты дерек – қоғам дамуының айнасы



Статистиктер еліміздің тарихи дамуының барлық сатыларында түрлі деңгейдегі басқарушылық шешімдерді қабылдауға мүмкіндік беретін шынайы деректерді ұсынып келеді. Бүгінде олар жоғары дамыған экономикасы мен әлеуметтік инфрақұрылымы бар көпұлтты мемлекет – Қазақстанның табысты дамуы үшін ақпараттық негізді қалыптастырып отыр.

Департамент тарихында тәуелсіздік алғаннан кейін, алғаш рет 1999 жылы (халық санағының қорытынды мәліметі бойынша облыс халқының саны 624991 адамды құрады) және екінші рет 2009 жылы (облыс халқының саны 678794 адам) Халық санағына қатысуы, сонымен қатар 2006 жылы Бірінші ауылшаруашылық санағын жүргізуі маңызды оқиға болды. Сонымен қатар, бес жылда бір рет жүргізілетін мульти-индикаторлық кластерлік зерттеуге (МИКЗ) қатысты. Үкімет және БҰҰ (ЮНИСЕФ) балалар қорының бірлескен бағдарламасы аясында отбасы денсаулығы, білім және бала тәрбиесі бойынша бірегей зерттеу жүргізілді. Президент жанындағы әйелдер және отбасылық – демографиялық саясат ісі бойынша Ұлттық комиссиясының және Сыртқы Істер министрлігінің Халықаралық ынтымақтастық департаменті өкілдерінің қатысуымен «Тұрақты дамудың гендерлік мақсаты» конференциясы өтті. Статистикалық байқауларды жүргізуді жетілдіру жөніндегі тапсырмаларды жүзеге асыру аясында 2007 жылы «бір терезе» қағидасы бойынша есептілік қабылдау іске асырылды.

Бүгінде статистикалық ақпараттарды жинау және өңдеу барысында жаңа ақпараттық технологияларды кеңінен қолданамыз. 2013 жылдан «Е-Статистика» интеграцияланған ақпараттық жүйесі аясында «Деректерді on-line режимде жинау» ақпараттық жүйесі жұмыс істейді. Ол респонденттерге статистикалық органға бармай-ақ сандық қолтаңба арқылы есептілікті тапсыруға мүмкіндік береді. Жыл басынан бері 150 000 статистикалық есептілік, оның 85%-і онлайн режимде қабылданды. Бұл ретте ірі және орта кәсіпорындар есептіліктерін 100% онлайн режимде тапсырды. Қазір статистикалық ақпаратты жинаудың сапасын жақсарту мақсатында, пікіртерім жүргізудің компьютерлендірілген жүйесі мен телефон арқылы сұрау әдісі енгізілді.

Біздің қызметіміздің маңызды бағыттарының бірі – «Мүгедектігі бар тұлғалардың өмір сапасы», «Халықтың құқық қорғау органдарына сенімділік деңгейі», «Тұрмыстық зорлық-зомбылық», «Ұрпақ және Гендер» әлеуметтік және демография мәселелері бойынша іріктемелі халықтық зерттеулер тұрақты түрде жүргізілуде.

1-бет

Жыл сайын Мемлекет басшысының Жолдауында назар аударатын тағы бір мәселе, «Халық үніне құлақ асатын мемлекет» тұжырымдамасы – азаматтардың барлық конструктивті сұраныстарына жедел және тиімді жауап беру. Соңғы уақытта статистика саласы пайдаланушыларға уақытылы, объективті және қолжетімді болып түбегейлі өзгерді. Ресми статистикалық ақпаратқа пайдаланушылардың қолжетімділігі артты. Статистика салалары бойынша жыл басынан бері департаменттің интернет ресурсына 10 статистикалық басылым, 215 бюллетень және 172 жедел-ақпарат (кезеңділікті есепке алғанда) орналастырылған.

Облыстық статистика департаменті статистикалық ақпарат пайдаланушыларды қанағаттандыру мақсатында жыл сайын Ашық есік күнін өткізеді, статистикалық ақпаратты тарату түрі ұдайы жетілдіріліп отырады. Бұқаралық ақпарат құралдары бұрынғысынша статистикалық ақпаратты қоғамға жеткізудің ең шұғыл және тиімді түрі болып келеді. Статистика салалары бойынша жыл басынан бері 130 баспасөз хабарламасы жарияланды. Пайдаланушыларға ыңғайлы болу үшін интерактивті режимде статистикалық деректерді таратудың жаңа құралы – Statkz мобильді қосымшасы іске қосылды. Мемлекеттік статистика органдары қызметтерінің ашықтығын қамтамасыз ету және ақпараттық-имидждік саясатын қолдау мақсатында барлық жедел ақпарат Facebook әлеуметтік желісіндегі парақшада орналастырылды.

Статистика – сандар жайлы ғылым, адамзат тарихын сандармен көрсету деп те айтуға болады. Көпшілік статистика – іш пыстыратын, жалаң сандар деп ойлайды. Алайда статистиканың маңызы зор. Мысалы, 2019 жылғы мәліметтер бойынша облыс көлемінде 100 және одан жоғары жастағы қарттар саны 13 адам, оның 12-сі ауылдық жерде тұрады. Өткен жылы 368 егіз бен 2 үшем (биылғы 9 айда сәйкесінше 320 егіз бен 2 үшем) дүниеге келді. Балаларға ең сирек кездесетін Мінсізай, Аңдашхан, Алифинур, Хахназархан, Ханкерей, Абдуллах, Рамиз есімдері берілуде.

Аудандар арасында қазақтардың басым көпшілігі 99,9% Аралда тұрады. Туудың 1000 адамға шаққандағы ең жоғары деңгейі 23,89 адам – Арал ауданында, ал ең төменгі 19,63 адам – Сырдария ауданында тіркелген. Тәуелсіздік алғаннан бері облыс халқының саны 211,1 мың адамға көбейіп, өсу қарқыны 35,6% құрады. Облыстағы халықтың өмір сүру ұзақтығы ерлерде 60,5 жастан 68,93 жасқа дейін, әйелдерде 68,6 жастан 76,68 жасқа дейін өскендігі байқалады. Республикада облыс тұз өндірісі және күріш өндіру бойынша бірінші орында, шикі мұнай өндіру бойынша үшінші, балық өңдеу бойынша төртінші орында.

Облыстық статистика департаменті қауырт жұмыстың арасында ұжымдастардың бірге демалуына да үлкен мән береді. Ұлы Абайдың 175 жылдығына орай департамент қызметкерлері арасында ойшыл, қазақтың ұлы ақыны Абай Құнанбайұлының шығармаларын мәнерлеп оқудан челлендж эстафетасы ұйымдастырылды. Ұжым мүшелері мемлекеттік тіл саясатын жүзеге асыру жобасының іс-шарасына, үздік мемлекеттік қызметшілер сайысына, облыстағы мемлекеттік қызметшілер арасында ұйымдастырылған спартакиадаларға белсенді қатысып, жүлделі орындарға ие болды. Команда мемлекеттік қызметкерлер арасындағы 25-спартакиадада «Үздік спорттық ұйым» номинациясын еншіледі.

Мемлекеттік статистикаға 100 жыл толуына орай, «100 қайырымды іс» акциясы ұйымдастырылып, акция барысында департаменттің соғыс және еңбек ардагерлеріне, көпбалалы және тұрмысы төмен отбасыларға, мүмкіндігі шектеулі балаларға, Түркістан облысы Мақтарал ауданындағы екі отбасына көмек берілді. Сонымен қатар, департаментте алпыс адамнан тұратын ардагерлер кеңесі құрылған. Дәстүр бойынша, жыл сайын олар департаментте өткізілетін барлық салтанатты шараларға шақырту алады. Ардагерлер өздерінің жұмыс тәжірибесімен бөлісіп, статистикада болып жатқан жаңалықтарға қызығушылық танытады. Департаменттің жастары осындай шараларға үлкен ықыласпен қатысады, аға буын статистиктерімен өткен әр сағаттың құндылығына көз жеткізген олар барлық қызықты және пайдалы ақпаратты алуға тырысады. Әз Наурыз, Құрбан айт мейрамы мен Қарттар күніне ардагерлерге материалдық көмек көрсетіліп, бағалы сыйлықтар табыс етіледі.

Қазақстандық статистиктер тарихи даму кезеңінде барлық табыстар мен жетістіктерге ең бірінші жоғары дәрежелі, өз ісіне берілген мамандар арқылы қол жеткізді. 2012 жылы Үкімет Қаулысымен статистика тарихында алғаш рет «Статистика үздігі» төсбелгісі бекітіліп, өзінің лауазымдық міндеттерін үлгілі атқарып, жоғары жетістіктерге қол жеткізген департаменттің 23 қызметкері марапатталды. Қазақстан статистикасы органдарының қызметінде көптеген оқиғалар мен фактілерге, тарихтың жарқын беттері, соның ішінде ең жарқын өмірлерін статистикаға арнаған керемет адамдардың өмірбаяндарымен толықты (ұлы Отан соғысының ардагерлері А.Сатыбалдиев, Ө.Қазанқапов, С.Әділбеков, еңбек ардагерлері Ә.Өтегенов, Б.Сапар, Л.Ким, К.Канцева, М.Масленникова, С.Шоқатаева, К.Наурызбаева, А.Төлеуова, М.Ли, Р.Мәндібаева, А.Жидебаева, Г.Ермекова және басқалары. Статистика тарихының қалыптасуы мен дамуын білу және ұмытпау керек, себебі өткенсіз болашақ жоқ.

Статистиканы қоғамның дамуының айнасы деп бекер айтпаса керек, себебі бірде-бір мемлекет пен адам статистикасыз өмір сүре алмайтыны анық. Біздің кішкене бөлшегімізге айналған цифрларымыз облыс және жалпы республикада өткізіліп жатқан реформалардың басты қозғаушы күшіне айналғанына мақтанамыз.

Айтулы күнде ресми статистиканың дамуы мен гүлденуі ісінде мемлекеттік статистика органдарының барлық министрліктер мен ведомстволар, жергілікті атқару органдары, ғалымдар, респонденттермен және басқа да пайдаланушылармен өзара қарым-қатынас құруы өте маңызды іс екенін айта кеткім келеді.

**Мариям БАЕКЕЕВА,**
**облыстық статистика департаментінің басшысы**

## БРИФИНГ

# Статистика жалаң сандар емес

**Мемлекеттік статистика негізінің қаланғанына 100 жыл толуына орай облыстық статистика департаменті қайырымдылық акциясын ұйымдастырды. Соғыс және еңбек ардагерлеріне, көпбалалы және тұрмысы төмен отбасыларға, мүмкіндігі шектеулі балаларға көмек көрсетті. Табиғи апат зардабын тартқан мақтаралдық ағайынның да жабырқағанда жанынан табылды.**

Sb Назерке САНИЯЗОВА, «Сыр бойы»

Ғасырлық мерейтой қарсаңында өңірлік коммуникациялар қызметінің брифингінде департамент басшысы Мариям Баекеева тарихтан сыр шерте келе, бүгінде ақпарат компьютерлік жүйе арқылы жиналатынын, телефон арқылы сұрау әдісі қолданылатынын айтты. Жыл басынан бері 150 мың статистикалық есеп жүргізілсе, соның 85%-і онлайн режимде қабылданды. Ірі және орта кәсіпорындар есепті толығымен осылай тапсырады.

Спикер сондай-ақ сандарды «сөйлетті». Былтырғы мәліметке сүйенсек, өңірде жасы 100-ге келген және одан көп жасаған 13 адам бар. Соның 12-сі ауылдық жерлерде өмір сүруде. 2019 жылы 368 егіз, 2 үшем дүниеге келді. Қазағы басым әрі туу көрсеткіші жоғары аудандардың көш басында Арал тұр. Тәуелсіздікке қол жеткен жылдан бері жергілікті тұрғындар саны 211,1 мыңға артып, өсу қарқыны 35,6% болды.

– Статистика – сандар туралы ғылым. Бір сөзбен айтқанда, адамзат тарихын цифрмен суреттеу. Көпшілік мұны іш пыстыратын жалаң сандар деп ойлайды. Алайда, статистиканың маңызы зор, – дейді департамент басшысы.

**Телехабар тарату саласының келбеті тез өзгеруде. Белгіленген телеарналар жиынтығын таратудың дәстүрлі тәсілі тұтынушылардың талғамын ескеретіндей әдіске алмасты. Әрбір тұтынушы көптеген ақпараттық ресурстың ішінен өзінің жеке қалауына сәйкес қажеттісін таңдайтын болды.**

# Цифрлық телехабар тарату – уақыт талабы

Бүгінгі күні Қазақстан тұрғындары кабельдік, цифрлық, жерсеріктік, интернет-телевизияны белсенді пайдаланады. Айта кету керек, қазақстандықтар пайдаланатын жерсеріктік антенналардың бір бөлігінде арнайы рұқсат құжаты жоқ. Өйткені, олар шетелдік спутниктік платформалардың бағдарламаларына заңсыз қол жеткізіп отыр. Бұл еліміздің жалпы ақпараттық қауіпсіздігіне қауіп төндіретін зиянды бәсекелестік туғызады, себебі бұл контент заңмен реттелмеген.

«Лицензиялау туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 24-бабына сәйкес, ҚР аумағында телевизия және (немесе) радио хабарларын тарату – қызметтің лицензияланған түрі болып табылады. Алайда, бұған қарамастан, кәсіпкерлер коммерциялық газеттер мен интернет арқылы әртүрлі операторлардың қызметтеріне қосылуды ұсынады. Бұл жағдай Қазақстан Республикасы заңнамасының бірқатар заң бұзушылықтарын тудырады.

Заңсыз антенналарды қолданатын ел тұрғындары іс жүзінде республиканың ақпараттық кеңістігінен оқшауланған болып шығады. «Сұр» тәрелкелердің орнына қазақстандық операторлар отандық және шетелдік телеарналарды ұсынады.

Мұндай «тәрелкелерді» пайдалану тұтынушылар үшін мүлдем тиімсіз, өйткені шетелдік операторлардың жабдықтарымен байланысты мәселелер туындаса, онда сіз осы оператордың ел аумағында орналасқан өкілдігіне хабарласуыңыз керек. Шетелдік операторлар тыйым салынған тауарлар мен қызметтердің жарнамаларын таратқан кезде жарнама заңнамасын бұзушылық та бар.

Соңғы жылдары цифрлық хабар таратудың енуі еліміздегі отбасылардың қазақстандық телеарналардың кең спектріне абоненттік төлемсіз және өте жақсы сапада толық қол жеткізуде. Цифрлық сигнал кедергілерге төзімді және көрермендерге түпнұсқа түрінде, шу мен бұрмаланусыз, тіпті ең шалғай орналасқан елді мекендерге де беріледі.

Қазақстан халқы облыс орталықтары мен Нұр-Сұлтан, Алматы, Шымкент қалаларында 30 шақты, ал аудан деңгейінде, елді мекендерде 15-ке жуық телеарнаны көре алады. Әртүрлі телеарналар қарастырылған, мемлекеттік және орыс тілдерінде хабар таратумен қамтамасыз етілген. Сапалы телевизия көру үшін теледидарды ауыстырудың қажеті жоқ, әдетте олар цифрлық сигнал қабылдайтын DVB-T2 стандартын қолдайды. Сізге қарапайым дециметрлік антенна қажет, ал егер теледидар DVB-T2 стандартын қолдамаса, сізге цифрлық қабылдағыш қажет болады.

Цифрлық телевизиялық хабар таратуды дамыту қолжетімді бағдарламалардың санын көбейтеді, интерактивті хабар таратуды енгізеді және халыққа қосымша қызметтер ұсынады. Сонымен қатар елдің барлық тұрғындарына ақпараттық ресурстарға тең қолжетімділігін қамтамасыз етуге, теледидар бағдарламаларының кескіні мен дыбысының сапасын арттыруға мүмкіндік береді.

2022 жылға қарай цифрлық эфирлік телехабар тарату желісімен Қазақстан Республикасы халқының кем дегенде 95%-ін қамту жоспарланып отыр.

**«СБ» ақпарат**

## 2020 жылдың IV тоқсанына арналған Қызылорда облысы бойынша тексеру комиссиясы төрағасы мен комиссия мүшелерінің жеке және заңды тұлғалардың өкілдерін жеке қабылдау кестесі

| р/с | Жеке және заңды тұлғаларды қабылдаушылардың аты-жөні, тегі | Жеке және заңды тұлғаларды қабылдаушылардың лауазымы | Жеке және заңды тұлғаларды қабылдау күні мен уақыты | Мемлекеттік мекеменің мекен-жайы | Байланыс телефоны |
|---|---|---|---|---|---|
| 1 | Құлымбетова Сауле Ибрагимқызы | Қызылорда облысы бойынша тексеру комиссиясының төрағасы | Сәрсенбі сағат 16.00-18.00 | Қызылорда қаласы, Сұлтан Бейбарыс көшесі, құрылыс № 1, Облыстық мекемелер үйі, №136 «а» каб. | 60-54-66 |
| 2 | Сатлабаев Мирамбек Ахметұлы | Комиссия мүшесі | Дүйсенбі сағат 16.00-18.00 | Қызылорда қаласы, Сұлтан Бейбарыс көшесі, құрылыс № 1, Облыстық мекемелер үйі, №136 «б» каб. | 60-54-62 |
| 3 | Ильясов Талғат Ибрагімұлы | Комиссия мүшесі | Сейсенбі сағат 16.00-18.00 | Қызылорда қаласы, Сұлтан Бейбарыс көшесі, құрылыс № 1, Облыстық мекемелер үйі, №132 каб. | 60-54-64 |
| 4 | Садуақасова Айгуль Аманханқызы | Комиссия мүшесі | Бейсенбі сағат 16.00-18.00 | Қызылорда қаласы, Сұлтан Бейбарыс көшесі, құрылыс № 1, Облыстық мекемелер үйі, №134 каб. | 60-54-65 |
| 5 | Мұсабеков Роман Темірбекұлы | Комиссия мүшесі | Жұма сағат 16.00-18.00 | Қызылорда қаласы, Сұлтан Бейбарыс көшесі, құрылыс № 1, Облыстық мекемелер үйі, №133 каб. | 60-54-63 |

**СЕНІМ ТЕЛЕФОНЫ**

Мемлекеттік қызметшілердің мемлекеттік қызметі және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы Заңнамаларының және Қазақстан Республикасы мемлекеттік қызметшілерінің «Әдеп» кодексі талаптарының бұзылуына жол бермеуі және оның алдын алу мақсатында «Қызылорда облысы бойынша тексеру комиссиясы» мемлекеттік мекемесінде 8 (7242) 60-54-70 «Сенім телефоны» жұмыс істейтінін хабарлайды.

ПРОСТАТИТ, АДЕНОМА, НЕСЕП ШЫҒАРУ ҚЫЗМЕТІНІҢ БҰЗЫЛУЫ, БЕЛСІЗДІК?! КӨМЕК ЖАНЫҢЫЗДА!

**Простатит, қуықасты безінің аденомасы, несеп шығару қызметінің бұзылуы, эректилді дисфункциясы орта есеппен әр үшінші ер адамда кездеседі. Бұл ауру көбінесе жас ұлғайған кезде, ағзаның қорғаныш қасиеті әлсірегенде, гормондық теңгерім бұзылғанда, несеп шығару-жыныс жүйесі мүшелерінің регенерациялануы нашарлағанда белең алады.**

*Простатит және қуықасты безі аденомасы жекелей де, екеуі бір мезгілде де қатар жүре алады. Бұл екі ауру әртүрлі себептерден пайда болады, бірақ ұқсас асқынуларға әкеліп соғады. Оның себебі мынада.*

*Простатит 95% жағдайда созылмалы, жұқпалы емес ауру түрінде кездеседі. Көбінесе оның пайда болуы зиянды әдеттерге, суық тигізуге, кіші жамбас мүшелеріндегі қан айналымының бұзылуына, сирек немесе бей-берекет жыныстық қатынасқа түсуге байланысты болады. Қуықасты безі қабынып, ісініп, осы арқылы өтетін несеп жолы арнасын қысып тастайды. Соның салдарынан зәрдің шығуы тежеліп, дәретханаға барғысы келу жиілейді. Мұның барлығы ыңғайсыздық пен шап бөлігіндегі ауырсынуға ұласады. Уақыт өте келе жыныстық қызметтің бұзылуы, жыныстық әлсіздік пайда болады.*

*Қуықасты безінің аденомасы гормоналдық бұзылулар нәтижесінде пайда болады. Ерлер гормоны – тестостеронның азаюы және ағзада эстроген – әйел гормонының артуы қуықасты безінің ісінуіне ұшыратады. Ол, өз кезегінде, простатит сияқты зәр шығарудың ұқсас ауытқуларын өршітіп, несеп жолы арнасын қысады, жыныстық бұзылуды және әртүрлі сипаттағы ауырсынуларды тудырады.*

*Емделмеген жағдайда, бұл аурулар асқынып, отадан басқа ем-шара көмектесе алмайтын, қайтымсыз сипат қабылдауы мүмкін. Сондықтан, сіз несеп-жыныс жүйесінің жұмысында мұндай ауытқуларға тап болсаңыз, тез арада маманнан көмек сұраңыз.*

*Осы урологиялық ауруларды емдеу үшін біз көптеген дәрілер мен ем-шараларға қарағанда, ауру белгілерін алып қана қоймай, несеп-жыныс жүйесінің мүшелерін әртүрлі аурулардан жылдар бойы сенімді қорғай алатын, дерттің түпкі себебін жоятын, "Уропротектор" препаратын пайдалануды ұсынамыз.*

*Бұл – кешенді препарат. Оның әсері қабынуды және қуықасты безінің ісінуін жоюға, несеп-жыныс жүйесінен ауру тудыратын бактерияларды шығаруға, зәр айдауды қалыпқа келтіруге бағытталған.*

*"Уропротектор" препаратын қолданудың бірінші сатысында-ақ ыңғайсыздық, шап аймағындағы ауырсыну, үрпі арнасындағы шаншу жоғалады. Одан әрі кіші жамбас мүшелерінде қан айналымы жақсарады, қуықасты безі мен қуықтың икемділігі қалпына келтіріледі, бұдан кейін олар өз қызметтерін толық орындай бастайды. Сондай-ақ, препарат гормоналды тепе-теңдікті қалпына келтіре отырып, еркектердің басты гормоны – тестостерон өндірісін ынталандырады. Осының есебінен, қуықасты безі аденомасының дамуын тойтарады және эрекцияны күшейтеді.*

*"Уропротектор"- простатит, қуықасты безінің аденомасы, зәр шығарудың бұзылуы, эректилді дисфункциясын емдеуде жақсы сипаттамаларға ие болды. Сонымен қатар, "Уропротектор" компоненттері, ағзадағы бос радикалдардың санын тиімді түрде төмендетеді, сол арқылы простата обырының пайда болуы мен дамуынан қорғайды.*

*Турасын айтқанда, бұл ерлердің көптеген урологиялық проблемаларына көмектесетін қуатты құрал!*

*Препарат барлық қажетті сынақтардан өтіп, отандық және халықаралық сертификаттармен мақұлданған. Кез келген жаста салауатты, белсенді жыныстық өмірден бас тартпаңыз!*

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ! НАУҚАН ЖҮРУДЕ! «УРОПРОТЕКТОР» КУРСТЫҚ БАҒДАРЛАМАСЫНА ТАПСЫРЫС БЕРСЕҢІЗ, -30% ЖЕҢІЛДІК!




ББҚ дәрілік өнім болып табылмайды
СГР RU.77.99.11.003.Е.004447.10.18 09.10.2018 ж.

**Негізгі әсер етуші заттар:** *препарат құрамына химиялық құрауыштар кірмейді.*
**Мөлшері және қолдану тәсілі:** *қабылдау ұзақтығы 1 айдан бастап.*
**Қарсы көрсетілімдер:** *жеке құрауыштардың сәйкес келмеуі.*

**Мына телефон арқылы кеңес ала аласыз және «Уропротекторға» тапсырыс бере аласыз: 8 705 92 55 429 немесе uroprotector.kz сайты арқылы.**

www.facebook.com/syrboyi.kz/ https://twitter.com/syrboyi www.instagram.com/syrboyikz

Меншік иесі
СЫР МЕДИА жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

БАС ДИРЕКТОР
**Аманжол ОҢҒАРБАЕВ**
қабылдау бөлмесі тел/факс: 8/7242/ 70-00-36, 40-11-10 (1002)

БАС РЕДАКТОР
**Қуат ШАРАБИДИНОВ**
қабылдау бөлмесі – тел: 8/7242/ 40-02-17, 40-11-10 (1007)

Бас редактордың орынбасары – 40-11-10 (1053)
Жауапты хатшы – 70-00-81 (1037)

**Бөлімдер:**
руханият және ақпарат – 40-11-10 (1039, 1040)
экономика – 40-11-10 (1038, 1033)
әлеумет және саясат – 40-11-10 (1034)
жарнама – 70-00-52, 40-11-10 (1058)
есеп-қисап – 70-00-39, 70-00-38
компьютер орталығы және корректорлар – 40-11-10 (1036, 1035)

Қызылорда облыстық «Сыр бойы» газеті ҚР СТ ИСО 9001-2009 «Сапа менеджменті жүйесі» талаптарына сәйкес сертификатталған.
Авторларға қаламақы тапсырыс бойынша төленеді, қолжазба өңделеді және қайтарылмайды.
Жариялымдар газеттің түпкілікті көзқарасын білдірмейді.
«АҚ» - ақылы қызмет.
Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

Газет аптасына 3 рет (сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері) шығады.

Газет Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігі Ақпарат және мұрағат комитетінде тіркелген.
Тіркеу куәлігі №12993-Г, 27.08.2012 ж.

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп, «ASU» баспа үйі» ЖШС сенімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылды.
Тел.: 8/7242/ 40-06-68.
Газеттің таралымы бойынша 8/7242/ 70-14-08 телефон нөміріне хабарласуға болады.

**Редакция мекен-жайы: Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі, 4 "А".** e-mail: syrboyi@yandex.kz / www.syrboyi.kz **Таралымы 26523** **Тапсырыс №491** Кезекші редактор **Айнұр БАТТАЛОВА**